ТӘУЕЛСІЗДІК – ҚАСИЕТТІМ, ҚАСТЕРЛІМ!

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№99 (3424) 14 желтоқсан 2021

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БҰЛ АЙДА ӨШПЕС СӘУЛЕ БАР...

Ей, намыстың
найзағайдай ұлдары,
Қызыл тілін қылыш
еткен қыздары!
Қанды тарих қалшиып
тұр мәңгіге,
Жанарында –
Желтоқсанның ызғары.

Айтулы Желтоқсан оқиғасының бұл сипаты күллі қазақтың азаттық жолындағы елеулі шайқастарының суретін беріп тұрғандай. Алаш жұртының әу бастағы арманы – тәуелсіздік, азаттық еді. Ал, ол азаттық Ұлар-бек ақын жырлағандай намысты ұлдар мен қайсар қыздардың арқасында келді. Тәуелсіздік пен Желтоқсанның қазақ үшін егіз ұғым есебінде жүруі де осыдан. Кез келгеннің көкірегіне мақтаныш ұялататын да, намысын қайрап ашуға мінсе атойлататын да Желтоқсан. «Ақырып теңдік сұрататын» да осы ай.

(Соңы 3-бетте)



ЛЕБІЗ

МЕРЕЙТОЙ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР

16 желтоқсанда біз баршамыз үшін ең қастерлі, ең қымбат мереке – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өтеміз.

Ел тарихы мен ұлт тағдырына түбегейлі бетбұрыс жасаған бұл оқиғаның маңызы айрықша бағалы. Азаттықтың асқақ рухын сезінген еліміздің жаңа жылнамасы осы мерекеден басталады.

Сол сындарлы шақтың куәгері болу біздің ардагер судьяларымызға да бұйырды. Аға буын өкілдері қоғамдық-саяси құрылымдар мен дәуір өзгерген сәтте қол қусырып қарап отырмай, жаңа сот жүйесінің негізін қалады, тәуелсіз, қолжетімді, ашық сот қалыптастырудың тұғырын бекітті. Бес жылдан кейін 1996 жылы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Судьялар одағы қоғамдық бірлестігі құрылғанда осы судьялардың көпшілігі бірінші съездің делегаттары болды. Одақтың құрылуы тарихи маңызды оқиға, ол сот қауымдастығының бірлігін нығайтуға және сот саласын жаңғыртуға серпін берді. 25 жыл ішінде судьялардың өзін-өзі басқару органы сот қызметін және ұйымдастырушылық нысандарын жетілдіруге, судьялар съездерінде көтерілген барлық өзекті мәселелерді шешуге бағытталған өзгерістердің қозғаушы күшіне айналды. Оларды тәжірибе жүзіне енгізу сот жүйесін халықаралық стандарттарға жақындата отырып, оны өзгертті және нығайтты.

2021 жылы 8 қыркүйекте Қазақстан Судьялар одағының Халықаралық судьялар қауымдастығына кіргеніне он жыл толды. Мұны елдің сот жүйесінде орын алған объективті баға деуге болады. Бұл бүкіл судьялар қауымдастығының, барлық төрағалардың және Судьялар одағы қызметкерлерінің жылдар бойғы табанды да жемісті жұмысының нәтижесі.

Өмір өзгерістерден, жаңғыртулардан тұрады. Уақыт, жаңа технологиялық трендтер, заманауи үрдістер мен күрделі шындықтарды талап етеді. Талаптан шығу үшін судьялардың біртұтастығын сақтап, сот төрелігін іске асыруы, Жоғарғы Сот бастамашылық еткен жұмысқа белсенді қатысуы маңызды.

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Сот жүйесін жаңғырта отырып, біз негізгі міндет – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сенімді әрі тиімді қорғау бағытындағы жұмыстың сапасын арттыруға ұмтыламыз. Бұл прогрессивті құқықтық институттарды, жаңа тәсілдерді қажет ететін көпөлшемді міндет. Алда әлі де көптеген жоспарлар мен биік мақсаттар тұр.

Сіздерді Тәуелсіздіктің 30 жылдық, Судьялар одағының 25 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, елімізге бейбітшілік, баршаңызға зор денсаулық, кәсіби табыс тілеймін! Игі істеріңізбен халықтың құрметіне бөлене беріңіздер!

Сәкен АБДОЛЛА,
ҚР Судьялар одағының төрағасы
Жоғарғы Соттың судьясы

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
Парламент Сенатының депутаты:

«АЗАТТЫҚТЫ КЕШ АЛСАҚ ТА ЕШТЕҢЕДЕН ҰТЫЛҒАН ЖОҚПЫЗ»

– Мұрат Бақтияұлы, бүгінде отыз жылдығы аталып өтіп жатқан Тәуелсіздігімізге жол салған – Желтоқсан оқиғасы. Бұл оқиға сіздің есіңізде қалай сақталды, сол кезде оның қазақ елінің тағдырын шешетін тарихи оқиға екенін сездіңіз бе?

– 1986 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітіріп, Қызылорда қаласындағы институтта оқытушы болып жүрген едім. Жас маман ретінде жатақханада тұрып жатқанбыз. Желтоқсан оқиғасы жайлы хабар бізге бір күн кешігіп жетті.

(Соңы 5-бетте)

ЖАҢҒЫРЫҚ

ЖЕЛТОҚСАН: БОДАНДЫҚҚА ҚАРСЫ БҰЛҚЫНЫС

АРАДА 35 ЖЫЛ ӨТСЕ ДЕ ЖЕЛТОҚСАНШЫЛАР СОЛ КЕЗДІ ӘЛІ КҮНГЕ КӨЗІНЕ ЖАС АЛЫП ОТЫРЫП ЕСКЕ АЛАДЫ. ОЛ КҮНДЕРДІ ТЕБІРЕНБЕЙ АЙТУ МҮМКІН ДЕ ЕМЕС. НЕГІЗІНЕН 17-30 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ НАМЫСШЫЛДЫҒЫН, РУХЫНЫҢ МЫҚТЫЛЫҒЫН ӨРТ СӨНДІРУ МАШИНАСЫНАН АТҚЫЛАҒАН СУ ДА, ҚАЛҚАНМЕН ҚОРҒАЛЫП, САПЕР КҮРЕГІМЕН ҚАРУЛАНҒАН ӘСКЕР КҮШІ ДЕ ҚАЙМЫҚТЫРА АЛМАДЫ. НАҒЫЗ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ ТЕК ТІЛДЕ ЕМЕС ЖҮРЕКТЕ, НАМЫС ПЕН ҚАЙРАТТА ЕКЕНІН КӨРСЕТЕ БІЛГЕН ЖАСТАРДЫҢ ЕРЛІГІН БҮГІНГІ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ ЕТУ БІЗДІҢ БОРЫШЫМЫЗ. ОСЫ МАҚСАТПЕН БІЗ ДЕ БІРАЗ ЖЕЛТОҚСАНДЫҚТЫҢ ЕСТЕЛІГІН ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНЫП ОТЫРМЫЗ.

«Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігін құру идеясы 2007 жылдың 17 желтоқсан күні Алматы қаласындағы алаңнан бастау алды. Бірінші Құрылтай жиналысымыз 2008 жылы 27 мамырда Алматы қонақ үйінің конференц залында өтті. Оған еліміздің он облысынан желтоқсандықтар шақырылып, 105 делегат қатысты. Жиынға қаражат жағынан көмегін берген ҚР Парламент мәжілісінің депутаты, желтоқсаншы Нұртай Сабилянов еді. Ұйымды заңды тіркеуден өткізу үшін 2008 жылдың тамыз айында Астана қаласына барып құжаттарын тапсырып, арызымды тіркеттім. ҚР ӘМ Тіркеу комитеті ұйымды тіркеуден жеті рет бас тартты. Себебі, «Қоғамдық бірлестіктер» заңының талабы бойынша ұйым республикалық деңгейде жұмыс жүргізу үшін кемі сегіз облыстан филиал ашылу керек екен. Бір жыл жүгіріп жүріп қажетті филиалдарды ашып, оның да құжатын дайындап Нұр-Сұлтан қаласына барып өткізгенімде, құжаттар түгел емес деп қайтарумен болды. Ақыры қайта-қайта барып жүріп, жетінші рет дегенде ПҚ «Желтоқсан ақиқаты» РҚБ-сы 2009 жылдың 27 наурызында ресми тіркеуден өтті. Ол уақытта мен «Ұлтшылдар қозғалысы» Ұлт тағдыры республикалық қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры қызметін атқарып жүрдім.

Ұйымды құрудағы мақсат: 1986 жылы Желтоқсан көтерілісіне қатысқан азаматтардың құқығын қорғау; Желтоқсан көтерілісінің тарихи, саяси бағасын алу; құрбан болғандардың туған өлкесінде ескерткіш тұрғызу, оқыған мектебіне атын беру және мектеп оқулығына енгізу; желтоқсаншы батырларға Үкіметтен әлеуметтік жеңілдіктер талап ету; үй-күйі жоқтарға жер бергізу, жұмысқа орналастыру; ана тіліміздің мәртебесін қорғау.

2009 жылы Желтоқсан көтерілісінің батыры Қайрат Рысқұлбекке арнап Семей-Тараз шеруі ұйымдастырылды. Семейден Тараз қаласына дейін жастармен кездесіп Қайраттың ерлігі жайлы бейнефильм көрсеттік.

(Соңы 4-бетте)

ЖАСТАРДЫҢ ЕРЛІГІ ҚАШАН ӨЗ БАҒАСЫН АЛАДЫ?

ОЙТАЛҚЫ

Жомарт СИМТИКОВ, тарих ғылымының кандидаты, саяси ғылымдардың докторы:

– Өкінішке орай, биыл 35 жыл толғалы отырған 1986 жылғы жағдай әлі күнге өз бағасын ала алмай келеді. Қарапайым бұқараны айтпағанда, сол оқиғаның ішінде жүріп, соған тікелей араласқан адамдармен қатар осы мәселені зерттеген маман- ғалымдар арасында да бірұдай пікір жоқ. Тіпті, қоғамдық пікір қалыптастыратын гуманитарлық саладағы ғалымдар тарапынан 1986 жылғы желтоқсанды айтпағанда, 1916 жылғы көтерілістің өзі толықтай зерттеліп өз тарихи бағасын ала алған жоқ. Оны бір ғалымдар «Ұлттық көтеріліс» – деп айтудан қорқып, «Ұлт-азаттық революция» деп бағаласа, бір ғалымдар «Ұлт-азаттық соғысы» деп бағалап келеді. XX ғасырда коллективтендіру кездеріндегі 1929-31 жылдары болған, «Абыралы», «Созақ»,«Адай», «Шұбартау» сияқты көтерілістер де жаңаша көзқараспен тарихи бағалануды қажет етеді.

Желтоқсанға қатысқан жастар мәселесінің 35 жылдығы қарсаңында тағы да көтерілуі заңды. Себебі, қайта түлеген тарих өзінің ақтаңдақ беттеріндегі таласты тұстарды қай кез болса да лықсытып, қоғамдық талқыға шығарады. Ендеше, желтоқсандықтар ерлігі қашан өз бағасын алады?

Әлия ТАУБАЕВА, ***тарихшы:***

– 1990 жылдардың ортасында Алматыдағы жоғары оқу орындарының жастарынан құрылған Студенттік элита клубы 1986 жылғы желтоқсанда болған оқиға бойынша елімізде ең алғаш рет ғылыми конференция өткізген болатын. Сол кезде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетіндегі курстасым Жұлдыз Мақпұновамен бірге социологиялық сауалнама жүргізгенбіз. Сол зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша желтоқсанда болған жағдай – қазақ қоғамында туындаған әлеуметтік наразылықтың көрінісі – деген баға бергенбіз. Содан бері менің тарихшы ретінде көзқарасым өзгерген жоқ. Кейін билік басындағылар оны «ұлт-азаттық көтеріліс» деген тұжырымға көтеруі ақиқатқа сай келетін дүние емес деп ойлаймын.

(Соңы 3-бетте)

МІНБЕР

СУДЬЯЛАР ОДАҒЫНА 25 ЖЫЛ

Елімізге рух берген, мерейімізді асырып, мейманамызды тасытқан Тәуелсіздікке 30 жыл толып отыр. Отыз жылда Қазақстан қуатты, мықты мемлекетке айналды. Мемлекетпен бірге оның сот саласы да нығайды. Биыл сот саласының дамуына серпін берген Судьялар одағы қоғамдық бірлестігінің құрылғанына да 25 жыл. Отандық сот саласының толағай табыстарға жетуіне Судьялар одағының қосқан үлесі өлшеусіз.

Республикалық қоғамдық бірлестіктің құрылу тарихы тереңде. Судьялардың басын қосатын, сот саласындағы ортақ мәселелерді бірігіп шешетін, әріптестердің сенімді диалог алаңына айналатын қоғамдық ұйым құру мәселесі бұрыннан айтылып, талай рет талқыға салынған өзекті бастаманың бірі болатын. Содан болар, 1996 жылы республика судьяларының алғашқы құрылтайы өткенде басты назар Судьялар одағын құруға бағытталды. Осылайша, көпшіліктің қолдауымен жаңа құғамдық бірлестік жұмысын бастады.

Осы жылдар арасында Судьялар одағының беделінің артып, пәрменінің күшейгеніне барша қазылар куә. Ширек ғасыр шеңберінде одақтың бастамасымен шешімін тапқан шаралар аз болған жоқ. Оның ең біріншісі – судьяларды ортақ мақсатқа ұйыстыру, бірлігін нығайту, ынтымағын арттырумен байланысты. Осы мақсатта, аға буын мен кіші буынның арасына алтын көпір болуда, тәлімгерлік мектепті дамытуда, ардагер-судьялардың тәжірибесін таратуда Судьялар одағы ауқымды жұмыс атқарды.

Сала ілгерілеуі үшін озық елдердің бағыт-бағдарына үңіліп, жақсы істерін үлгі етудің маңызы зор. Шетелдік әріптестермен тығыз байланыс орнатып, екі елдің сот саласындағы ынтымақтастығына мән берген дұрыс. Бұл қызметті де Судьялар одағы 25 жылдан бері мінсіз атқарып келеді. Одақтың Халықаралық судьялар қауымдастығына қосылуы әріптестік байланыстың нығаюына барынша оң әсерін тигізді.

Судьялар одағының жетекшілігімен тұрақты негізде өтіп келе жатқан республикалық съездердің де маңызы мен мәні айрықша. 1996 жылдан бері республика судьяларының сегіз съезі ұйымдастырылған екен. Сот саласындағы жаңа бастамалардың барлығы дерлік осы съезде көтерілген мәселелердің, айтылған ұсыныстардың жемісі. Бүгінгі күнге дейін съездер өзінің қоғамға, судьялар қауымына қажеттілігін толық дәлелдеді. Әр съездің салаға әкелген жаңалығы бар. Мәртебелі басқосу мінберінде талқыланған мәселелердің шешімін таппаған, орта жолда қалған кезі жоқ. Сот саласын цифрландыру, отандық заңдар базасын жетілдіру, соттарды мамандандыру, судьялар тәуелсіздігін нығайту, соттардың әдебіне қойылатын талаптарды күшейту, сот корпусына лайықты жандардың таңдалуына серпін беру секілді өзекті мәселелердің бәрі алдымен судьялар съезінде көпшілік талқысына салынып, өмірге жолдама алған болатын. Осының бәрі 25 жылдық тарихы бар бірлестіктің өзін-өзі ақтағанының нақты дәлелі.

А.ЕШЕЕВ,
Алмалы аудандық сотының төрағасы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БЕЛЕС

Тәуелсіздік – ел тарихындағы ең елеулі оқиға, ең маңызды жаңалық. Егемен ел атанған Қазақстанның жарқын болашаққа жолдамасы 1991 жылғы 16 желтоқсаннан бастау алады. Міне сол тәлейлі сәттен бері зымырап отыз жыл өте шыққан екен. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ САЛА ЖҰМЫСЫНА ЖАН БІТІРДІ

Нұрлан ТӨЛЕШ,
Қызылорда қалалық соты төрағасының міндетін атқарушы

Осындай тарихи сәтте тәуелсіз елдің сотында атқарылған оң істер туралы айтпай кету қате болар. Шын мәнінде бұл салада ауыз толтырып айтарлық жаңалықтар аз болмады. Сот жұмысының сапасын арттыруға, судьялардың тәуелсіздігі мен мәртебесін көтеруге қатысты механизмдердің бәрі жасалды. Тура төрелікке негіз болар заңдардың дұрыстығына мән берілді. Тұғырлы өзгерістердің замана қажеттілігіне сай, халықтың талап-тілегін ескере отырып қолға алынуы сот пен азаматтар арасындағы байланысты нығайтып, сенімді арттыра түсті. Сонымен бірге, сотқа деген сенімді қалыптастыруға жаңа технология жетістіктерінің әсері өлшеусіз. Бүгінде республика соттарындағы сот процестері толықтай дыбыс-бейне жазба көмегімен, онлайн режимде қаралуда. Мұның соттарға да, тараптарға да пайдасы ұшан-теңіз. Соны түсінгендіктен соттағы жаңа бастамалар халық тарапынан бірден үлкен қолдауға ие боды. Мәселен 2020 жылдың басында соттар күніне онлайн түрде 150 процесс өткізсе, қазір күн сайын 4,5 мыңға жуық істі онлайн қарайды. IT технологияның жедел әрі тиімді енгізілуі де тәуелсіздіктің теңдессіз жетістігі.

Сот төрелігіне қол жеткізу тетігін оңайлату, азаматтардың электрондық сот ісін жүргізуге қашықтан қатысуына еркін жол ашу мақсатында Жоғарғы Соттың ресми сайтында «Сот кабинеті» сервисі жұмыс істейді. Сервисті пайдалану үшін сот ісін жүргізуге қатысушы электрондық цифрлық қолтаңбаны алып, тіркеу рәсімінен өтуі қажет. Тіркелген тұлға өзіне ыңғайлы кез келген уақытта үйден, кеңседен шықпай-ақ, ғаламтор желісі арқылы өтініш пен арызды электрондық түрде жібере алады, мемлекеттік баж салығын онлайн режимде төлей алады, сот құжаттарын қарап, іс бойынша барлық тарихты көре алады, сот актісін басып шығара алады. Бұл да болса азаматтарды әуре-сарсаңнан құтқаратын, уақытын үнемдеуіне көмектесетін, сол арқылы сот жұмысына деген сенімін нығайтатын өзгеріс. Бұған қоса, «Төрелік» бағдарламасы мен сот процестерінде дыбыс және бейне тіркеудің жетілдірілуі сот төрелігінің ашықтығын қамтамасыз етуде. Нәтижесінде судьялардың іс-әрекетіне қатысты шағымдар екі есеге қысқарды. Мұндай жаңашылдық сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға да көп септігін тигізуде. Дәл осындай оң өзгеріске біз тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Сенімімізді арттырып, елімізге тіреу болған Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!

БЕЗБЕН

ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАСЫЗ ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМ ҚҰРУ МҮМКІН ЕМЕС

Тәуелсіз мемлекетіміздің негізі қаланған күннен бастап 30 жылдық дәуірінде қабылданған шешімдердің мән-мазмұны мен маңызы ерекше. Тоқсаныншы жылдардың басында қазақстандық құқық жүйесі терең дағдарысты бастан кешті. Осы тұста сот билігінің қалыптасуы және құқықтық реформалар орнай бастады.

Айсұлтан БАЛМҰҚАНОВ,
Хромтау аудандық сотының төрағасы

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың айтуынша, әділетті де адал сотсыз, жетілдірілген құқықтық базасыз тұрақты да өркениетті қоғам құру мүмкін емес еді. 1993 жылғы Конституцияның арқасында елдің сот жүйесі биліктің дербес тармағы мәртебесін алды. 1994 жылдың ақпанында құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, соның арқасында сот органдарының қызметі реттелді, кассациялық өндірісті жүзеге асыратын және өзінен төменгі соттарды бақылауда ұстайтын жоғары инстанция есебінде Жоғарғы Соттың өкілеттігі нақтыланды. 1995 жылы Конституция биліктің сот тармағын реформалауды одан әрі жалғастырды. Жоғарғы Сот Жоғары Арбитраждық сотпен біріктіріліп, бүкіл сот практикасы бірыңғай заңдық нормаларға бағындырылды.

Тәуелсіздікке қол жеткізген отыз жыл ішінде елімізде түрлі мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, тың бастамалар жүзеге асырылуда. Әсіресе, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру шеңберінде республика соттарында елеулі өзгерістер болды. Мұндай жаңашылдықтар істерді қарау уақытын қысқартып, соттардың ашықтығы мен қолжетімділігіне оң әсер берді. Заманауи технологияларды мемлекеттік және мемлекеттік емес органдардың, ең бастысы, халықтың қолдануы сот ісін жеңілдетті, азаматтардың уақыты мен қаражатын үнемдеді. Сот жүйесі үшін сервис істерді қарауды автоматтандырды және оңтайландырды. Мәселен, қылмыстық істер бойынша деректер келтірер болсақ, Хромтау ауданы бойынша жыл басынан бері 54 адамға қатысты 48 қылмыстық іс келіп түсті. 4 адамға қатысты өткен жылғы 2 істі есептегенде, 58 адамға 50 іс (2020 жылдың ұқсас кезеңінде 46 адамға 43 іс) оның ішінде 55 адамға қатысты 47 іс аяқталды. Осылайша бүгінгі таңда, 55 адамның ісіне қатысты 47 үкім шығарылды.

Сот жүйесіне ақпараттық технологияларды енгізу халықтың сот төрелігіне қол жеткізу деңгейін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берді. Мұндай ілкімді істер алдағы уақытта да жалғаса береді.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ҚҰНДЫЛЫҚ

БАРЫМЫЗДЫ ҚАДІРЛЕЙІК!

Тәуелсіздік күні жақындағанда «Біз отыз жылда не нәрсеге қол жеткіздік?», «Біз келешек ұрпаққа қандай елді сеніммен тапсыра аламыз?» деген сансыз сауалдың туындайтыны анық. Өткенді саралап, бүгінмен салыстырмай бұл сауалдарға нақты жауап табу қиын. Отыз жылда қолға алынған бастамалардың әрқайсысы ғасыр ауыртпалығын көтереді.

Осы жылдар ішінде дамудың даңғыл жолына бастайтын «Қазақстан – 2030» бағдарламасын қабылдадық. Шекарамызды белгілеп, елді ядролық қарудан толық тазарттық. Еуразия кіндігінен қазақстандықтардың мақтанышы әрі кейінгі ұрпаққа тарихи мұра болар елордамыздың жаңа келбетін қалап, әлем көз тіге қарар маңызды саяси алаңға айналдыра алдық.

Жастар әлемнің жетекші университеттерінде оқи бастады. Ұлттық қорымыз құрылды, бұл бізге түрлі дағдарыстан аман өтуге мүмкіндік берді. Әлемге тарыдай шашыраған қазақ баласын өз Отанына шақырып, халықтардың қоныс аударуына жол аштық. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездеріне, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммиттеріне, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске және басқа да бірқатар маңызды халықаралық жобаларға бастамашылық жасадық. Осы жетістіктердің барлығына көреген басшылықтың, халқымыздың даралығы мен даналығының, ынтымақ пен бірліктің, еңбексүйгіштігінің арқасында қол жеткіздік. Ендеше, өшпес қан мен тердің, қайсарлық пен жігердің отымен келген ұлы жеңісіміз – тәуелсіздігімізді бағалап, ұлттық бірегейлігімізден, мәдениетіміз бен дәстүрімізден ажырамай асқақ арманмен болашаққа бастау басты парызымыз.

Ботагөз НҰРМАҒАМБЕТОВА,
Орал қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы

ТАНЫМ

ЗАҢДАР – ЗАМАН ЖАРШЫСЫ

Роза САРИЕВА,
Бәйтерек аудандық сотының төрағасы

Тәуелсіздіктің арқасында көк байрағымыз көгімізде желбіреп, егемен елдің рәміздері белгіленді. Тіліміз бен діниміз қайта оралып, елдігіміз танылды. Тәуелсіздікке қол жеткізіп, жаңаша даму жолына түскен жылдар ішінде елдегі барлық сала ілгерілеп, жаңартылды. Сот тәуелсіздігі мен судьялар мәртебесін арттыруда түбегейлі өзгерістер орын алды. Қазақстанда жаңаланған Қылмыстық, Қылмыстық процессуалдық, Қылмыстық атқару кодекстері қолданысқа енгізілді. Бұл қылмыстық заңнамаға енгізілген өзгерістер еліміздегі түрме халқын азайтуға септігін тигізетін, бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалар тағайындауды көздейтін сот тәжірибесінің жаңа бағыт-бағдарын айқындады.

Оған қоса, даудың әрбір сатысында тараптардың татуласу мүмкіндігі қарастырылып, жаңа элементтер енгізілген жаңа Азаматтық процессуалдық кодекс қабылданды. Кодексте азаматтық процестің базалық институты, соттардың мамандандырылуы, сот актілерінің қайта қаралу тәртібі мен қағидалары сақталған. Бұл жаңашылдықтар қос тараптың құқығы мен мүддесінің уақытылы шешілуін, сот актілерінің сапасын арттырып, істерді қарау мерзімін қысқартуға мүмкіндік берді.

Биыл 1 шілдеден бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қолданысқа енгізілген еді. Кодекстің негізгі міндеті – азаматтардың құқығы мен бостандығын әкімшілік органдардың заңсыз әрекетінен қорғау. Сондай-ақ, мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану жөніндегі істерді қарайтын жаңа мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар құрылды. Сот төрелігінің сапасын арттыру бағытындағы реформалар, кодекстерге енгізілген өзгерту мен толықтырулар, тың жобалар, заманауи технологиялар халықтың сотқа, құқық қорғау құрылымдарына деген сенімін арттырары күмәнсіз. Ең бастысы, саланы жаңғыртуға жол ашқан Тәуелсіздігіміз тұғырлы болып, егемендігіміз нығая берсін.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

БІЗ ДҰРЫС ЖОЛДАМЫЗ

Оралбек БАҚТЫГЕРЕЕВ,
Шалқар аудандық сотының төрағасы

1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Сол тарихи құжатта ел шекарасының бөлінбейтіндігі, оған қол сұғылмайтындығы, қазақ халқының және Қазақстандағы басқа да этнос өкілдерінің төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту мемлекеттің аса маңызды міндетінің бірі ретінде атап көрсетілді. Сол бір тарихи кезеңде Елбасы Н.Назарбаев дұрыс жол таңдап, еліміздің ішкі және сыртқы саясатын халықаралық құқық нормаларына сәйкес көрегендікпен жүргізе білді. Соның нәтижесінде Қазақстан халықаралық қауымдастық арасында лайықты орнын алды, әлем мойындаған елге айналдық.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері өзін құқықтық мемлекет ретінде қалыптастыруда, қоғамдық қатынастар заңмен реттелуде. Экономикамен қатар сот-құқықтық реформалардың да сәтті жүргізілуінің нәтижесінде еліміздің сот жүйесі қарыштап дамыды, сот сатыларының бестен үшке дейін қысқартылуы сотқа қолжетімділікті арттырды. Судья лауазымына бұрынғыдай 25 жасқа емес, 30 жасқа толған адамдар тағайындалатын болды, оларға қойылатын талап күшейтіліп, судьялыққа кездейсоқ адамдардың өтіп кетуіне жол бермеу жағы қарастырылды.

Тәуелсіздік жылдары еліміздің сот жүйесіне қатысты заңдар түбегейлі жаңадан қабылданды. 1996 жылдың 19 желтоқсанында Алматы қаласында судьялардың I съезі өз жұмысын бастады. Ел тарихындағы судьялардың алғашқы съезіне Елбасы Н.Назарбаев қатысып, сот жүйесін жетілдіруге бағытталған тапсырмалар берді. Сол съезде Судьялар одағының жарғысы бекітілді, Одақтың басшылық құрамы сайланды және судья этикасының кодексі қабылданды.

«100 нақты қадам» Ұлт жоспары, «Рухани жаңғыру» және Елбасының сот жүйесін жаңғырту жөніндегі тапсырмаларын орындау барысында Жоғарғы Соттың бастамасымен елімізде айтарлықтай жұмыстар атқарылуда. Ел Президенті Қ.Тоқаев судьялардың VIII съезінде сөйлеген сөзінде сот төрелігінің әділ және заңды жүзеге асырылуына мемлекет те, бүкіл қоғам да мүдделі екенін атап өтті. Аталған съездің ерекшелігінің бірі ретінде оның бейне конференция режимінде өткізілгенін атап айтуға болады. Бұл жағдай әлемдік пандемия кезінде еліміздің сот жүйесінің жұмысы дұрыс жолға қойылғанын айғақтады.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БҰЛ АЙДА ӨШПЕС СӘУЛЕ БАР...

(Соңы. Басы 1-бетте)

Белгілі тарихшы Мәмбет Қойгелдінің «Алаш» партиясының 100 жылдық мерейтойына арналған жиында айтқан мына бір әдемі мысалы да ұлт азаттық жолындағы күрескерлер бейнесіне дөп кеп тұрғандай. « Алаш көсемі Әлихан Бөкейханұлы Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлына жазған хатын былай бастапты» – деді тарихшы. «Шырағым Ахмет! Шырағым Міржақып! Сендер қайта-қайта абақтыға түсе бересіңдер. Оған налымаңдар. Атам заманнан, Прометейден бергі уақытта ел үшін күрескен азаматтардың көргені – абақтының есігі. Баяғыда доңыз бен аққу дос болыпты. Доңыз сонда аққуға: «Ей аққу, сен айтшы, күн бар дейсің, сол күнді мен неге көрмеймін» депті. Сонда аққу: «Әй доңыз, сені Алла төмен қаратып жаратқан. Сондықтан, сен күнді көре алмайсың» депті. Шырағым Ахмет! Міржақып! Болашаққа күнді көре алатын ұрпақ керек. Сол ұрпақ сендердің аттарыңды атап, құрмет көрсетіп жатса, бақытты емессіздер ме!?» дейді». Арғы-бергі тарихтағы алаш қайраткерлері мен желтоқсаншылардың, тәуелсіздік үшін күрескен өзге де қайраткерлер есімдерінің ел аузында жүріп, үнемі ұлықталатынының себебі де осы, Әлихан Бөкейханұлы айтқан, «күнді көре алатын ұрпақтың» келгендігінде. «Күнді көру» тәуелсіз сана, азат ойға ұмтылу. Бүгінгі ұрпақ осындай жетістікке қол жеткізді.

Н.Назарбаевтың «Қазақ тарихында біз ұялатын ештеңе жоқ» – деген сөзі бар. Қазақ халқы бүгін азаттықтың, демократияның қадірін білетін елге айналды. Ендеше, білімге ұмтылған зерделі ұрпақ тұрғанда тәуелсіз елдің ертеңі нұрлы. Әр желтоқсан сайын ел өміріндегі бұндай айтулы оқиғалардың, шейіт кеткен боздақтардың есімі де жаңғыруы заңдылық. Жасампаз ұлт барда, тарих өшпейді.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

МЕЖЕ

ТЕРЕҢ РЕФОРМАЛАР, ТЫҢ БАСТАМАЛАР

Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толды. Осы уақытта ел үшін қиындық пен қуаныш, дағдарыс пен даму қатар алмасып, тынымсыз тіршілік жүргізілді.

Тарихқа сәл шегініс жасасақ, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары кеңестік империяның құрсауынан енді босаған еліміздің басында қиын мезгіл орнаған еді. Алмағайып заман болса да, Тәуелсіздік дейтін бағалы олжамыз болды.

Елмен бірге дамып, өсіп-өркендеп келе жатқан елімізде тәуелсіз сот пен қуатты құқық қорғау органдарын құруға әрдайым басымдық берілді.

Тәуелсіз және әділетті сот – құқықтық мемлекеттің негізі. Қазақстанның қазіргі сот жүйесі заман талабына сай әлемдік құқықтық стандарттарға ыңғайластырылған. Дегенмен, бүгінгі сот кешегі дала институтының бай тәжірибесіне сүйеніп, билер сотының негізінде қалыптасқанын, бүгінгі сот реформасы бірден қарқын алып кетпегенін атап айтуымыз керек.

Өз алдына мемлекет болып құрылып, барлық жүйені қайта жасақтауға кіріскен кезде біздің алдымызда Кеңес дәуірінен қалған сот жүйесін де түбегейлі өзгерту міндеті тұрды. Тәуелсіздік жылдары сот жүйесінің жаңа кейпі жасалды деуге болады.

Бұрынғы арбитраждық соттар юрисдикциялық соттарға ауысты. Салалық, мамандандырылған соттар құрылды. Сот жұмысының алаңсыз жүзеге асырылуы үшін материалдық-техникалық жағдайлар жасалды. Соттар мен судьялардың мәртебесі конституциялық заңдармен белгіленді.

Судьялар одағы құрылып, бүгінгі күнге дейін судьялардың сегіз съезі өтті. Әрбір съездің алға қойған биік мақсаттары болды және олар нәтижелі түрде іске асырылып отырды.

Қазір Жоғарғы Сотта сот төрелігін жүзеге асыру сапасын жақсарту бойынша қызу жұмыстар жүргізіліп жатыр. Судьялар қаншама даусыз істерден заң арқылы босатылды. Барлық кадр мәселесі Жоғары Сот Кеңесіне берілген.

Ержан ҚАРАБАЕВ
Маңғыстау облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы

Биыл әкімшілік сот төрелігін енгізу, қылмыстық сот ісін жүргізудің үш сатылы моделі, сот жүйесінің бюджетін қалыптастырудың жаңа тәртібі секілді мәселелер өз шешімін тапты.

Республика соттары жаһандық сот төрелігі саласындағы әлемдік үрдістер мен жаңашылдықтарды үнемі талқылап отырады. Бүгінде ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша ақтау үкімдерінің үлесі 8 есеге артты. Соттар күзетпен қамауға алуға санкция беруден босатылды.

Қылмыстық заңнамалардың репрессивтілігі төмендетіліп, экономикалық қылмысқа жаза тағайындау кезінде ұстанымдардың өзгеруі, бас бостандығынан айыруға баламалы шараларды кеңінен қолдану, жазалаудың жаңа түрі ретінде еселік айыппұлдар енгізу іске асты. Мұндай сот практикасы жазаны, бас бостандығынан айыруға емес, жазалауларды неғұрлым кеңінен қолдануға қайта бағдарлану үшін негіздеме тудырды әрі елдегі түрме халқы санын төмендетуге мүмкіндік берді.

Соттардың материалдық-техникалық базасына келер болсақ, ол әлдеқайда жақсартылды. IT өнімдерін енгізу бойынша нақты шаралар іске асырылуда. Жоғарғы Соттың ахуалдық орталығында соттар жұмысын бірыңғай жүйе арқылы бақылау енгізілді.

Осы ретте өткен жылы басталған төтенше жағдай, карантиндік шаралардың нәтижесінде соттар толығымен онлайн форматқа көшкенін атап айту қажет. Бұдан бөлек, сот актілерінің сапасын жақсарту үшін сот процесін оңтайландыру, бюрократияны азайту, электронды сот ісін жүргізу бағытында жұмыс жасалды. Судьялардың жұмысын бағалау қайта қарастырылды. «Түнгі сот», «Отбасылық сот», бітімгер-судья, татуластыру орталықтары, соттардағы фронт-кеңселер сияқты бірқатар пилоттық жобалар жүзеге асырылды.

Жалпы, халықаралық ұйымдардың бағалауынша, дамыған елдермен салыстырғанда біздің соттар неғұрлым қолжетімді. Баж салығының көлемі де көп емес, істер тез қаралады.

Биылғы ең үлкен реформа – әкімшілік әділет. Мемлекеттік аппарат үшін де, Қазақстанның сот жүйесі үшін де оның нәтижесі басты мәселе. Жаңа ӘРПК қолданысқа енгеннен бері республика соттары мемлекеттік орган актілерінің 49%-ын заңсыз деп таныған.

Бүгінде биліктің бір тармағы саналатын сот саласында елеулі өзгерістердің болып жатқанына, тәуелсіз де бейтарап және әділетті төреліктің жүзеге асырылып жатқанына қарапайым жұртшылықтың көзі әбден жетті. Тіпті, біздегі сот реформасы өзге елдердің қызығушылығын да тудыратын халге жетті. Жоғарыда айтылған сот жүйесінің жетістіктері – тәуелсіз еліміздің жетістіктері!

КӨКЖИЕК

ТОҒЫСҚАН МҮДДЕЛЕР

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін алғаннан бері 30 жыл өтті.

Еліміз егемендіктің алғашқы күндерінен бастап тәуелсіз сот, қуатты құқық қорғау органдарын құруды демократиялық, құқықтық мемлекетті нығайтудың басым бағыттарының бірі ретінде белгіледі.

Сот саласында міндетті түрде көңіл бөлетін жайт – медиация. Қазақтың тарихында нық орын алған билер институты осы кезде де өз ықпалын тигізуде. Сөзге шешен әрі әділ билер тараптардың татуласуына және әділдіктің орнығуына көп көңіл бөлген. Осыған орай, судьялар да тараптардың татуласуына, әділ шешім шығаруға бар күштерін салуда.

2000 жылдың 25 желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Республикасы сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заң сот жүйесін қалыптастыру мен жетілдірудің маңызды қадамы болды. Судьялардың әлеуметтік жағдайы қажетті деңгейде қамсыздандырылып, қызметі материалдық-техникалық жағынан толық қамтамасыз етілді. Тәуелсіз сот жүйесін жетілдіруге аталмыш заң өз үлесін қосты.

Тәуелсіздік жылдары сот жүйесін дамытудың бірқатар негізгі нәтижелеріне соттардың тәуелсіздігі мен судьялардың мәртебесі айрықша бекітілуі арқасында сот құрылымы мен сот ісін жүргізуде түбегейлі өзгерістер орын алды. Төрелік соттарды тарату нәтижесінде құрылған шаруашылық істер жөніндегі алқаларды қосу жолымен Жоғарғы Сот пен облыстық соттар қайта құрылып, кейінірек ТМД-ның басқа елдері Қазақстанның осы тәжірибесін басшылыққа алды.

Осы уақыт аралығында мамандандырылған соттар құрылды. Алқабилер институты енгізіліп, қамауға алу құзыры прокуратурадан соттарға берілді. Барлық деңгейдегі соттарға электрондық терминалдар мен бейнебайланыс жүйелері, басқа да ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері енгізілді.

Т.АЛДАНОВ
Ақтөбе қаласының №2 сотының судьясы

Бар әлем цифровизация заманына қадам басты. Қазіргі кезде сот отырыстары онлайн форматта өтіп, тараптар сот актілеріне әр уақытта қол жеткізе алатын болды. Нәтижесінде сот төрелігін жүзеге асыра отырып, ашық және әділ болуын қамтамасыз етуде.

Республиканың сот жүйесі осы жылдар аралығында құқықтық мемлекеттің стандарттарына сай келетін шынайы тәуелсіздікке қарай қарқынды қадам басты. Сот жүйесінде болған түбегейлі өзгерістер баршаның сотқа қолы жетуін қамтамасыз етіп қана қоймай, кез келген тұлғаның өз құқықтарын сот арқылы жүзеге асыруына жол ашты, азаматтардың сот билігіне сенімін күшейтті.

МЕРЕЙ

ЖЕТІСТІКТЕР мен ЖЕҢІСТЕР

Ел заңдарының үстемдігі мен құқықтық мемлекет тұжырымдамасы тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның қол жеткізген сүбелі жетістіктерінің бірі болды. Тәуелсіздікті әр адам әртүрлі түсінеді. Оның негізгі ұғымы да осы – азат ел ретінде зайырлы, құқықтық мемлекетке айналғандығында. Рас, қазақ халқы бұл биікке бірден көтеріле салған жоқ, әлем халықтары жас мемлекетті ә дегеннен мойындай қоймады.

Бізге бүгінгі мәртебе, бүгінгі құрмет осы отыз жылғы тоқтаусыз еңбек, үлкен ізденістің арқасында келді. Саясаттан бастау алатын барлық сала ел қайраткерлерінің талмай атқарған еңбегінің нәтижесінде аяқтан тұрды, көркейді, кемелденді. Құқықтық сала да іргесін бекітті, жеке тәуелсіз мемлекеттің алған бағытын айқындады. Ата Заңнан бастау алатын барлық заңдар жас мемлекеттің мақсат-мүддесіне қарай өзгерістер мен толықтырулар бастан кешіре отырып, азаматтардың құқығын қорғаудың озық үлгісін жасады.

Тәуелсіздік бізге Отанды сүюді, азаттық пен бейбіт өмірдің қадірін білуді үйретті. Оқу-білімнің, жаңа технологияның, әлемдік дамудың, инновациялық мүмкіндіктердің көкжиегін ашты. «Біз тәуелсіздікті ақылмен, ата-баба жолымен алдық» – дейді Елбасы. Қазақ жеріндегі түрлі қақтығыс, көтерілістер, оқиғалар мен кезеңдер тәуелсіздік жолындағы аңсаған мұраттардан туып еді. Кейінгі Желтоқсан оқиғасы да осындай ұлы мақсаттардың жалғасы іспетті. Көптеген қилы тағдыр, түрлі ауыртпалықтарды басынан кешірген ел жалпыға ортақ демократия қағидаларын ұстана отырып, бүгінгідей жетістіктерге, дамудың жаңа көкжиектеріне көтерілді. Мемлекет басшысы жалпыға ортақ адам құқықтарына қатысты заңдарды нығайта түсу, азаматтардың тәуелсіздігі мен бостандығына кепілдікті күшейту ҚР Үкіметінің, оның ішінде құқықтық жүйенің басты міндеті екенін үнемі алға тартып жүр. Тәуелсіздік жылдарында саяси, құқықтық, экономикалық салалардың бәрінде құрылымдық реформалар жүзеге асырылды, халықаралық адам құқығына қатысты ұйымдармен әріптестік байланыстар орнады.

Елдегі сот жүйесі де үлкен өзгерістерді басынан кешірді. Тәуелсіздіктің ең үлкен жетістігі мен сот жүйесіне әкелген жаңалығы – ашықтық пен қолжетімділік, қарапайым халыққа жақындау, әділ төрелік принциптерін жүзеге асыру болды. Бүгінгі таңда, ел ішінде сот жүйесіне деген сенім нығайды, әділеттің үстемдік құратынына көпшіліктің көзі жетті. Тәуелсіз елдің сот жүйесі де тәуелсіз. Болашағы баянды елдің құқықтық негізінің нық, бағытының айқын болуы да осыдан.

М.ЫРСЫМБЕТОВ,
Мақтаарал аудандық сотының судьясы

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ЖАСТАРДЫҢ ЕРЛІГІ ҚАШАН ӨЗ БАҒАСЫН АЛАДЫ?

ОЙТАЛҚЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жомарт СИМТИКОВ, тарих ғылымдарының кандидаты, саяси ғылымдардың докторы:

– Өкінішке орай, осы мәселені күн тәртібіне қайта-қайта қойып жүрген Талас Омарбекұлы ағамызды да мына пандемия аямады, күні кеше келместің кемесіне мініп кете барды.

Менің ойымша, бұл оқиға да, ереуіл де, қозғалыс та емес, бірақ классикалық тұрғыдағы көтеріліске де жатпайды. Себебі: «Оқиға – болып өткен іс, елеулі құбылыс» болып бағаланса, «Ереуіл – жаппай дүрлігушілік, дүрмек», ал «Қозғалыс – халықтың жаппай наразылығы», «Көтеріліс болу үшін қолда құрал, қару-жарақ болуы және ең бастысы, ұйымдастырушы мен басшы болуы керек». Ол оның ешқайсысына да жатпайды, бірақ осы аты аталғандардың азды-көпті белгілері бар. Бұл нағыз азаматтық көтеріліс.

Ал Желтоқсандағы жағдай идеологиялық тұрғыда құрсауланған Кеңес Одағының тұсындағы «мұзжарғыш кемедей» сеңді бұзып буырқанған қазақ жастарының аға буыннан артықшылығын көрсеткен, қазақтық еркіндікке деген ұмтылысының көрінісі еді. Ол өркениетке барар жолдағы ғаламдану процесінде өзін-өзі жоғалтып алмауға деген ұлттың, оның ішінде, оқ бойы алда тұрған жастардың бойындағы стихиялық тұрғыда пісіп жетілген азаматтық жанайқайы.

Әлия ТАУБАЕВА, тарихшы:

– Себебі, қазақ қоғамында сол кезде қалыптасқан әлеуметтік теңсіздікке наразылық көрсеткен негізгі күш – ауыл жастары болды. Қаладағы қазақтар бұл оқиғаға қатыспаған және қатысуға оларда ешқандай мотивация болмаған. Әлеуметтік сауалнама осыны анық көрсетті. Кейінгі Мұхтар Шаханов ағамыз жүргізген зерттеудің нәтижесінде де белгілі бір тұлғалардың әлеуметтік наразылықты саяси билікке келу үшін пайдаланғаны анықталды. Биліктің желтоқсан оқиғасын ұлт-азаттық көтеріліс деңгейіне көтеруінің басты себебі осы деп ойлаймын.

Желтоқсан оқиғасының негізгі себебі – ауылдан қалаға келген қазақтардың наразылығы, яғни оқу бітірген соң қалада қала алмауы, жұмыс табылса да тіркеуге тұру қиындығы. Ал Қонаев атамыз тек сылтау болған.

Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

ЖЕЛТОҚСАН: БОДАНДЫҚҚА ҚАРСЫ БҰЛҚЫНЫС

Бейсенғазы СӘДУҰЛЫ.
«Желтоқсан ақиқаты» РҚБ құрушы, тұңғыш төрағасы

Алғаш рет 2010 жылы желтоқсандықтарға арнап Абай даңғылы мен Байзақов көшесінің қиылысындағы Заң академиясының ішінен музей аштық. Сол музейде бүгінге дейін жастармен 1700-дей кездесу өткіздік. Сәбира Мұхамеджанова, Ләззәт Асанова, Сұлухан Назарованың оқыған мектебіне мәрмәр тастан тақтайша қойдық және жерленген жерлеріне қара гранит тастан ескерткіш тұрғыздық. «Желтоқсан ақиқаты» кітабын дайындап, «Желтоқсан ақиқаты» газетін бір жыл бойы үздіксіз шығардық. Алға қойған мақсатымыз орындалып жатты, ол үшін мемлекеттен қаржы сұрағанымыз жоқ. «Желтоқсан ақиқатының» өз жарғысы, туы, желтоқсаншыларға арналған төс белгісі, жеке куәлігі болды. Ақ туымызға «Көкбөрінің» бейнесін енгіздік. Бүгінде қоғамның 1800 мүшесі бар.

2016 жылы Желтоқсан көтерілісінің 30 жылдығына арнап Аягөз қаласының «Ардагер» саябағында ескерткіш орнаттық және Алматы облысы Талғар ауданы Бесағаш ауылында «Алаш Орда» монументін тұрғыздық ал үстіміздегі жылдың қараша айында тағы да Тұздыбастаудағы орталық саябаққа «Желтоқсан-86» ескерткішін өз күшімізбен тұрғыздық. Желтоқсаншылар мереке сайын осы монументтерге барып, гүлшоқтарын қойып тағзым етіп тұрады

Өткен аптада Желтоқсан көтерілісі мен 1990 жылғы Әзірбайжанда болған қаңтар көтерілісінің байланысын зерттеу мақсатында Бакуге бардым. Әзірбайжанда 20 қаңтарда алаңға шыққан 200 мың адамның 150-і қайтыс болып, 800-дей адам дене жарақатын алған екен. Тәуелсіздіктен кейін Әзірбайжан елінің Тұңғыш Президенті Гейдар Алиев қайтыс болған адамдардың балаларына, әке-шешелеріне және көтерілісте жарақат алып, мүгедек болған батырларына өмірлік зейнетақы, сонымен қоса, президентік зейнетақы тағайындап және «Ока» автомашинасын сыйлаған. Әзірбайжан батырларының басын қосатын бір-ақ ұйым бар. Көтеріліске қатысқандарға «Тәуелсіздік күрескерлері» деген атақ берілген. Осы атаудың біздің желтоқсаншыларға да берілуін өз басым неше жылдан бері айтып келемін, тыңдайтын құлақ жоқ. Ал біз желтоқсандықтарды – сотталған, ақталған, ақталмаған деп үшке бөліп отырмыз. Менің бар мақсатым – Желтоқсан оқиғасына Ұлт-Азаттық көтерілістерінің жалғасы ретінде КӨТЕРІЛІС деген ресми мәртебе алу.

ШАТЫРҒА ШЫҒЫП АМАН ҚАЛДЫМ

17 желтоқсанда жұмыстан ертерек жіберді де, баламды бақшадан алмақ болдым. Автобус Сәтбаев көшесіне жете бере тоқтап қалды. Не болып қалды деп терезеден қарасам, алаң толы жастар. Қақ ортасында бір машина жалындап жанып жатыр.

– Кошмар! Что происходит? – дедім дауыстап. Қасымда отырған орыс әйел: «Это казахи, хотят изгнать русских из Казахстана», – деді.

Бір қиын жағдай болғанын іштей түсіндім. Сол сәт балаларды үйге апарған соң осында келейін деген ой келді. Алаңдағы жастарға қарағанда жасым үлкен, ел қатарлы іргелі мекемеде қызмет істеп жүрмін. Сөйтіп, үлкендігімді жасайын дедім.

Балаларымды жайғап болған соң бірінші қабаттағы құрбым Розаға кіріп жолда көргенімді айттым. Роза да менімен бірге шықты. Сапырылысқан елдің арасымен өтіп алаңға да жеттік. Онда жүргендердің арасында үлкендер аз, есесіне үлбіреген қыз-жігіттер көп көрінді. «Не ойлағандарың бар? Билікке қоятын талаптарың қандай?» деп сұрадық. Бәрінің ойы бірдей. «Қазақстанды қазақ басқарсын. Тіпті болмаса қазақ жерінде туып-өскен, халықтың болмысын түсінетін, тілімізге кесір жасамайтын орыс басқарсын деп тұрмыз» деді.

Өз мақсаттарының дұрыстығына құлай сенген жастардың отты жанарына қарап, айтқандарынан қайтпайтынына көзім жетті. Олар ел үшін, жер үшін, қазағы үшін бәріне дайын еді. Ал, енді... иә-иә, қарсы жақта бес қаруын асынып тұрғандарға қарап олай дей алмаймын. Мына шыққыр көзім қазақ қыздарын шыңғырта сабап, шашынан сүйреп, тезектей тепкілегенді көрді. Бұдан асқан хайуандық бола ма?! Қанша қыз басынан қан ағып қашып бара жатты. Мен бір қызды тоқтатып мойын орағышымен басын таңып бердім. Құр қол жастарды қанға бөктіріп тырқыратып қуғанда шалыныса жығылып, табанға тапталып қалғандарды да көрдік.

Роза екеуміз сол қашқан күйі алаңдағы биік үйдің бірінің подъезіне жақындай бергенімізде бір кісі есік ашып, «тез кіріңдер» деді. Содан алды-артымызға қарайлауға мұршамыз келмей ашық есіктен ішке кіріп, баспалдақпен жоғарыладық. Артыма қараған сәтте бір жендеттің құрбымды көтеріп алып лақтырып жібергенін көрдім. Роза терезеге соғылып еденге құлап түсті. Мен қашқан бойда шатырға шығатын есікшеден төбеге шықтым. Артымыздан өкшелей қуған солдаттар да төбеге дейін көтеріліп, шатырда бұғып жатқан қыз-жігіттерді теуіп, ұрып төмен қарай қуалай бастады. Мен шатырдағы үлкен ригельдің ұзыннан тұрғанын байқап қалдым. Шамасы бір метрдей болып қалар. Соның артына секіріп барып бұғып қалдым. Менен кейін тағы да бірнеше кісі секіріп жатты. Солай біз аман қалдық.

Төбеде жатып терезе саңлауынан ұсталған қыз-жігіттерді ұрып-соғып, тепкілеп «ПАЗик» автобусына апара жатқанын көрдік. Біраз уақыттан кейін далаға шыққанымызда қараңғылық қоюланған екен. Абай даңғылына шыққан кезімде бір такси көрінді. Таксист қазақ кісі екен, қолымды көтеріп үлгергенше машинасын жаныма тоқтатып, «кәне, тез мін» деді. Үйге келгеннен кейін бірден Розаның үйіне кірдім. Апасы Клара есікті ашып, жылап жіберді.

– Роза қайда, немене, ұсталып қалды ма? – деді үрейленіп. Ештеңе дей алмаймын.

Содан Розаны екі күннен кейін көрдім. Әбден таяқ жегені көрініп тұр. Жамбасы, арқасы көкпеңбек, ісік... Айтуынша, Калинин аудандық ішкі істер бөліміне апарып, екі күн тергеуде ұстапты...

Ал менің денемнен суық өтіп кеткен. Күрк-күрк жөтелемін. Үйқы да қашқан. Дәрігерге баруға болмайды. Үйде тығылып жатып емделуге тура келді.

Шолпан МАЙХАРИНА

АЛАҢДАҒЫ АРПАЛЫС

– Мен сол кездері Алматы шет тілдер институтының 2-курсында оқитын едім. 16 желтоқсан күні түнде жатақхана терезелерінің түбінен белгісіз біреулердің «Қазақтар, тұрыңдар! Алаңға шығыңдар!» деген айқайынан шошып ояндық. Таңертең бәріміз сабаққа бардық. Сол күнгі сабағымыз Гоголь мен Масанчи көшесіндегі ЖенПИ-дің музыка факультетінің оқу корпусында өтуі керек еді. Бірінші сабақтан кейін алаңға баруға жиналғанымызды біліп, басшылар сыртқы есікті жауып тастады. Содан корпустың артқы терезесінен шығып, алаңға дейін троллейбуспен бардық. Троллейбустағы басқа ұлт өкілдерінің бізге жеккөрінішпен қарағандары, орысшалап «ұлтшылдар» деп саусағын безегені әлі есімде. Біз келгенде алаңда адам көп екен, басым бөлігі жастар. Маған алаңдағы радионың, трибунадағы кісілердің сөйлеп жатқаны, шет жақтағы шырша, машиналардың өртеніп жатқаны кинодағы көріністерді елестетті. Бірнеше өрт сөндіргіш машина жастарға су шашып келеді. Қақаған суықта үстіміздің су болғанына қарамастан, қолымызға іліккен мұз, тастарды машиналарға қарай лақтырдық. Қолына қалқан мен тоқпақ ұстаған солдаттар алаңға жиналған халықты, шетке қарай ұрғанын ұрып, құлағанын тепкілеп қуып жатты. Біраз уақыттан соң біз қайта жақындаймыз алаңға. Бір кезде бізді ұрып-соғып автобусқа сүйрелеп әкеп тықты да қаланың шетіне апарып түсірді де кетті. Күн батып кеткен, жан-жағымызда белгі беретіндей ешнәрсе көрінбейді. Содан алыстан көрінген көп қабатты үйлердің жарығын бетке алып жүре бердік. Жанымдағы адамдардың ешқайсысын танымаймын. Қалаға кіргенде әркім өз жағына қарай кетті. Мен жатақханама түн ортасында жеттім. Ертеңінде бізді жатақханадан шығармай қамап қойды, сабаққа мұғалімдеріміз өздері алып келіп, қайта әкетіп жүрді. Сол күндері алаңға барғаныма ешқашан өкінген емеспін. Керісінше, ішкі жан дүниемдегі сенімім беки түсті.

Бақытгүл ОСПАНБАЕВА,
кітапханашы

МЕРЕКЕДЕГІ МЕРЕЙЛІ ІС

Биыл Мемлекет басшысының тапсырмасымен мерекені ұлықтау мақсатында біраз шара қолға алынғаны белгілі. Атап айтсақ, жақында Алматы қалалық әкімшілігі Республика сарайында концерт ұйымдастырып, желтоқсаншыларды марапаттады. Сонымен қатар «Алатау» дәстүрлі өнер театрының кино залында 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына арналған деректі фильмнің таныстырылымы өтіп, «Желтоқсаншылар саябағында» тәуелсіздік қарлығаштарына тұрғызылатын ескерткіштің іргетасын қалау рәсімі өткізілді. Аталған іс-шараның барлығына Желтоқсан қаһармандары арнайы шақырылды. Сондай-ақ Наурызбай ауданының әкімі Тоғай Санжар жақында желтоқсан қаһармандарымен кездесу өткізді. Жиын барысында басшылар мерекеге орай ауданда жасалып жатқан шаралармен таныстырып, ардагерлердің ұсыныс-пікірін тыңдап, емен-жарқын әңгімелескен болатын. Ауданда 105 желтоқсаншы тіркелген екен. Жиында ең жағдайы төмен ардагер жайында желтоқсаншылар ұсыныс айтып, әкімнен тұрғын үй мәселесін шешіп беруді сұрады. Сондай-ақ, желтоқсаншыларға кезекпен аудан бюджеті есебінен шипажайларға жолдама бөлу қарастырылатын болды. Бұдан бөлек, жиынға қатысушылар тұрғын үйлерінің құжатын заңдастыруға және ауданымызға келетін қалалық қатынас көліктерінің мәселесіне де көмектесуді сұрады.

Желтоқсан қаһармандарын ұлықтау мақсатында Наурызбай ауданы әкімшілігінің ұйымдастыруымен ардагерлердің суреттері мен естеліктері жазылған кітап басылып шықты.

Ұлбала ТІЛЕУҚЫЗЫ,
«Желтоқсан Алматы» ҚБ-нің Наурызбай ауданындағы желтоқсаншылар жетекшісі

Сіз не дейсіз?

Тарихи оқиғаның шындығы қашан айтылады?

Дос КӨШІМ, саясаткер

– 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасындағы қазақ жастарының қарсылығына биліктің қандай баға бергені немесе беруі керектігі мені қызықтырмайды. Халық өзінің бағасын берді, одан асқан басқа баға болмайды деп есептеймін. Ал «Желтоқсан көтерілісі» деген атау осыдан 7-8 жыл бұрын болған бір жиында көтерілген еді. Сол жердегі барлық азаматтың осы атауға тоқталғаны есімде. Әрине, бұл көтерілістің өз ерекшелігі болды. Бұл – билікке қарусыз қарсылық болды. Сондықтан да мыңнан астам жастың қолы сынып, басы жарылды. Кеңес одағының әр қаласынан арнайы алып келген, осындай қарсылықтарды басуға дайындықтан өткен әскерлер резеңке сойыл, сапер күрекшелерін қолданды. Бұл – шын мәнінде көтеріліс.

«Тоқсаныншы жылдардың қара сөзі» деген кітабымның Желтоқсан көтерілісіне арналған тарауының алғашқы бетінде «Осы жауыздықты істеген адамдар билікте отырғанда Желтоқсан шындығы ашылмайды» деген эпиграф бар. Осы ұстанымымды әлі де өзгерткен жоқпын. Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың ерлігі бағаланып, ерекше мәртебе берілу – болашақтың еншісінде деп ойлаймын.

Айыпқан МУХАМЕДИЕВ, заң ғылымдарының кандидаты

– Біздің осы уақытқа дейін 1986 жылғы жағдайды «Желтоқсан оқиғасы» деп келуіміз,

Кеңес билігінің анықтамасын қайталап, өз тарихымызға салғырт қараудан болып отыр. Қазақ жастарының 1986 жылы Алматыдағы көтерілісі бүкіл Одақты дүр сілкіндіріп, басқа одақтас мемлекеттердің Кеңестік режимге қарсы бас көтеруіне түрткі болды. Сондықтан, кеңестік жүйедегі қарсылықтың бәрі «оқиға» емес, наразылық танытудағы көтерілістік сипатқа ие. Көтерілістің белгілері алаңдағы жастардың талабынан көрініп тұрды – қазақ тілі, жер мәселесі, ұлт тағдыры.

Ал қазіргі «Nur Otan» Қазақстан билігінің «көтеріліс» сөзінен үркіп «оқиға» деуі, елдегі әлеуметтік жағдайдың төмендеуімен байланысты. Желтоқсанды дәріптеу жаңа желтоқсанды тудыра ма деген күмән басым. Желтоқсандықтар құқын қорғайтын бірнеше ұйым бар, алайда олардың бірігіп жұмыс істеуі қиындап барады. «Желтоқсан көтерілісі» – тек қана желтоқсандықтардың ерлігі, қайғысы, проблемасы емес. Бұл егеменді Қазақ мемлекетінің, халқының – тарихы, ар ұяты, ожданы, керек десеңіз, патриотизмнің, ұлттық идеологияның қайнар көзі. Сондықтан көтеріліске қатысқан азаматтарға заң жүзінде ай сайын жәрдемақы, әлеуметтік жеңілдік, мемлекеттік награда тағайындалып, құқықтық мәртебесі анықталуы керек. Осы айтылғандарды халыққа, үкіметке жеткізу үшін желтоқсандықтар жылына бір берілетін «конвертке» алданбай, бір-бірімен айтыспай, тартыспай нақты бағытта жұмыс жасауы керек.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген мақаласында «Биыл әйгілі Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толады. 1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Бұл орайда, азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек» деді. Қазақстан халқы да Президентіміз айтқандай – желтоқсандықтарды ұлт намысын қорғаушы, қаһарман батырлар, Тәуелсіздікті жақындатқан тұлғалар деп тануы тиіс.

№99 (3424)
14 желтоқсан 2021
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ол уақытта қазіргідей ақпарат жылдам тарамайды. Сол кездегі облыстық партия комитетінің хатшысы Еркін Әуелбеков аймақтағы үш жүзге жуық партия белсенділерін жинап, арнайы жиналыс өткізді. Басқосуда бұл оқиғаның жай-жапсары айтылып, арандатушылыққа бармау қажеттігі

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ, ***Парламент Сенатының депутаты:***

«АЗАТТЫҚТЫ КЕШ АЛСАҚ ТА ЕШТЕҢЕДЕН ҰТЫЛҒАН ЖОҚПЫЗ»

ескертілді. Шыны керек, көбіміз көтерілісті нашақор, тәртіпсіз жастардың әрекеті дегенге сене қоймадық. Өзге ұлт өкілін республика басшылығына әкелуіне наразылық ретінде қабылдадық. Қателеспегенімізге көп уақыт өтпей көзіміз жетті. Әділеттілік орнап, желтоқсан оқиғасы тарихымызда қазақ жастарының ел тәуелсіздігі жолындағы жанқиярлық ерлігі ретінде алтын әріптермен жазылды. Бұл сәт біздің азаттық жолындағы асқақ рухымыздың алмас қылыштай жарқылдаған шешуші кезеңі болды.

– Өзге одақтас республикалар КСРО құрамынан шығып жатқанда біздің соңғы сәтке дейін шешім қабылдамауымызды қалай түсіндірер едіңіз?

– Тарихшы ретінде айтар болсам, Кеңес Одағының іргесі 1988 жылдан бастап сөгіле бастаған болатын. Сол кезде оның саясатына қарсылар шығып, Солженицын секілді азаматтар ірі мінберлерде пікірлерін айтып жүрді. Оларды көптеген БАҚ-тар ашық беріп жатты. Естеріңізде болса, Ресейдің орталық телеарнасында «Көзқарас» деген бағдарламаның қозғайтын мәселесі Кеңес Одағында болып жатқан әділетсіздіктер, заңсыздықтар хақында болатын. Депутаттар да Коммунистік партияны авангардтық рөлінен айыру туралы айта бастады. Бұған Германия қосылды. Уақытында зорлықпен тартылған Балтық жағалауындағы республикалар да іргесін алшақтатты. Оларға кавказдықтар қосылып, Армения, Грузия бірден бөлек кетуге шешім қабылдады. Өйткені, олардың өз өнімдерін өндіріп, ешкімге жалтақтамай күн көре алатын мүмкіндіктері бар болатын. Сол кезде экономикасы шикізатқа байланған Қазақстан ғана еді. Кеңес Одағы құрамынан бірден шығып кеткен кезде елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы мүлде қиындап кетер ме еді? Өйткені, орыстың рублінің құны күн сайын құлдырап бара жатты. Халық тұтынатын тауарлар тапшылыққа айналып, карточкалық жүйеге көшуге мәжбүр болдық. Басшылық осының бәрін таразылай келе Ресеймен экономикалық байланысты үзіп тастаудың зардабын ойласа керек. Өз басым осындай себеппен тәуелсіздікті алуға асықпадық деп ойлаймын. Ақиқатында алты ай кеш алсақ та жоғалтқан ештеңеміз жоқ. Тәуелсіздігін ерте жариялаған мемлекеттердің көбінен бүгінде жағдайымыз көшілгері. Бастысы ел аман, жұрт тыныш. Сондықтан бұдан саяси астар іздеу орынсыз деп білемін. Ең бастысы, тәуелсіздігіміздің баянды болуы, сол үшін бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, елдік мұраттарға адал қызмет ете білуміз.

– Жалпы, осындай қиын кезеңде тәуелсіздіктің алғашқы қадамдары қалай жасалды? Неден ұттық, неден ұтылдық?

– Дамудың өзіндік жолы таңдалса да мемлекет тәуелсіздігі өзімен бірге шешілуі қиын мәселелердің тұтас дестесін ала келгені шындық. Жаңа Қазақстанды қалыптастыру жолындағы басты кедергі тоталитарлық режимнің кернеуі кете қоймағандығы болатын. Ол мемлекет пен қоғам өмірінің көптеген қырларын белгілі бір дәрежеде айқындап жатты. Мұның өзі шаруашылық жүргізу мен басқарудың ескі тәсілдеріне бойұрушылықтан ғана емес, халықтың басым бөлігінің енжарлығынан, өкімет өлтірмейді дейтін сенімінен де танылды. Көзге көріне бермейтін бұл кедергілерді еңсеруге Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың байсалды саясатының арқасында қол жеткізілді. Ұттық та, ұтылдық та. Мұны мойындауымыз керек. Ең басты мәселе біз нарықтық қатынасқа көшуіміз керек болды. Бұл орайда әр түрлі пікірлер айтылды. Осы тұста біраз кемшіліктерге жол берілді. Соның бірі ірі-ірі фабрикаларымыз бен зауыттарды сақтап қала алмағанымыз. Олардың бәрін жекеге бере бастадық. Бәрін ат төбеліндей азаматтар алды да бөлшектеп сатып жіберді. Сонымен қатар ет, сүт, жұмыртқа секілді ауыл шаруашылығы тауарларын өндірген колхоздар мен совхоздар жекеге күшпен таратылды. Олардың бәрі ұсақ фермерлік шаруашылықтарға ыдырап кетті. Ірі шаруашылықтардың өнімді өндіру, өңдеу және сатудағы тиімділігін ескермедік. Балабақшалардың ғимараттарынан да айырылып қалдық. Оларды сақтап, уақыты келгенде қайта іске қосқанда қазіргідей жаңа балабақша салу үшін қыруар ақша жұмсамас едік. Өкінішке орай, тәжірибесіздіктен осындай қателіктер кетті. Нарықтық қатынастың заңдылықтарын түсінбеудің салдары еді. Расында сұраныс пен ұсыныстың байланысын ұғу оңай емес. Десе де, қателесе жүріп көп нәрсе үйрендік. Қанша көп дүние жоғалтсақ та экономиканың осы жолға түсуі оң шешім болды. Осы ретте Президенттік билік құру оң қадам болды. Билікті бір қолға шоғырландырмайынша дағдарысты жағдайдан шығу мүмкін емес еді. Жоғарғы Кеңестің тарап кетуі, Президенттің заңға парапар жарлықтарының пайда болуы тәуелсіздіктің, егемендіктің елең-алаңының өтпелі кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтарды еңсеруге ықпал етті. Сол кездегі маңызды шешімдердің бірі Конституциямызды қабылдағанымыз және шекараны анықтап алуымыз болды. Тәуелсіздігімізді алған тұста, әсіресе, екі көрші Қытай мен Ресейдің ортасы ашық жатты ғой. Алдымен осы екі алып көршілермен, одан соң Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан секілді мемлекеттер арасындағы шекара белгіленді. Бұл үлкен жеңіс.

Сексенінші жылдардың аяғынан бастап қоғамда алаңдаушылық туғыза бастаған Семей ядролық полигонын жабу да егемендігіміздің арқасында мүмкін болды. Біз түсіне бермейміз, шын мәнінде бұл оңай емес еді. Өйткені, полигон аюдай ақырған Ресейдің мүлкі болатын. Онда бұл елдің бүкіл ғалымдары, қаншама институттар жұмыс істеп жатты. Сондықтан олармен келіссөздер жүргізу, қауіпсіздігімізге АҚШ, Қытай, Франция, Англия сияқты державалардан кепілдік алу үлкен мәселе болатын. Кейбір саяси сарапшылар полигонды өзгелерге сес көрсету үшін сақтау керек деген пікір айтады. Бұл қате пайым. Өйткені, қазір атом қаруымен ешкімді қорқыта алмайсың, бүгінде тек ақылмен, жаңа технологиямен, біліммен жеңесің. Сондықтан бұл дер кезінде жүзеге асқан дұрыс шешім болды. Естеріңізде болса сол кезде мұнай өндіру кеміп кетті. Қазақстанда сыртқа сататын бұдан өзге өнім жоқ болды. Сондықтан әлемдегі мұнай компанияларына инвестиция тарту да елімізді тығырықтан шығарған ұтымды қадамдардың бірі болды деп айтуға болады.

Жалпы, отыз жыл адам өмірімен өлшеп, тарихи тұрғыдан саралағанда соншалықты көп уақыт емес. Бірақ осындай қысқа мерзімге қарамастан егемендіктің өтпелі кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтарды еңсере білген Қазақ елі дүниежүзіндегі керегесі кең, терезесі тең мәртебелі мемлекеттер қатарына қосылып отыр. Еліміздің саяси даму бағыты жаңарып, демократиялық ілгерілеуде түбегейлі өзгерістер жасалды. Мемлекеттіліктің барлық институттары құрылып, экономикамыз нарықтық жолға түсті, халықтың әл-ауқаты жаңа сапалы деңгейге көтерілді, әлеуметтік салада жаңа асулар бағындырылды. Осылайша, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы арманына айналған ұлы мұраты XX ғасырдың соңында жүзеге асты.

– Осы ретте экономикаға басымдық беріліп, саяси реформаның кейінге жылжуы қаншалықты тиімді болды деп ойлайсыз?

– Жаппай ыдырау мен идеологиялық бос кеңістік жағдайында Қазақстан 1990 жылдардың басында терең құздың тұсына тақау тұрғандай еді. Бір сөзбен айтқанда, бір кездегі тұтас қоғам бөлініп-жарылудың аз-ақ алдында тұрды. Солшылдар, оңшылдар, неше түрлі ұлтшылдар – бәрі де елдің қоғамдық және экономикалық құрылымының қандай болуы керектігі туралы айтысты, қызыл кеңірдек болып тартысты, өз дәлелдерін дәйектеуге тырысты. Бәрі қосыла келгенде әбден шатысқан және кереғар түйінге айналатын, ол түйін барған сайын тарыла келіп, жас тәуелсіз мемлекетті тұншықтыру қаупін тудыратын. Қысқаша айтқанда, бұл кезде саясат экономиканың алдына шығып кеткен еді. Осындай жағдайда Елбасы бәріне де сабырлықпен қарап, салиқалықпен пайымдап, бәрінің де сөзін, жөнін тауып, жалпы ыдыраудың алдын ала білді. Сенімді экономикалық негіз болмайынша кез келген үндеу – елдің тығырыққа тірелуіне ғана алып келетінін басқалардан тереңірек түсінді. Нұрсұлтан Назарбаевтың сол жылдардағы ұстанған саясаты мен тиімді реформалары ғана елді құрдымнан алып шықты.

– Тәуелсіздік мерекесінің маңызын қалай арттырамыз?

– 2021 жыл – Тәуелсіздік тарихының отыз жылдығы. Бұл жыл еліміз аз ғана мерзімде қол жеткізілген табыстар мен жетістіктерді, ғасырлар тоғысында, мыңжылдықтар межесінде Еуразия құрлығының ортасында орнаған әлемнің мықты елдерімен бәсекелесе алатын деңгейге жеткен. Тәуелсіздіктің отыз жылдығы мерекелік шаралар мен салтанатты кештер өткізетін жыл ғана емес, бұл қазақ елінің жасампаздық пен тұрақтылығын, әлемге үлгі боларлық тәжірибесін, экономикалық өрлеуі мен әлеуметтік саясатының, қазақстандық өзіндік даму жолының дұрыстығын паш ететін жыл болмақ. Мерекелік іс-шараларды дайындау, өткізу және оны көрсету Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін, құндылығын, мән-мағынасын, табыстары мен жетістіктерін әрбір қазақстандық сезіне алатындай, қазақ елі үшін мақтана алатындай әсері және тиімділігі болуы керек, солай болады да. Өйткені, оған еліміздің 30 жылда жүріп өткен қиын да табысты жолдары, беделі мен мәртебесі кепіл бола алады.

– Мағыналы сұхбатыңызға рақмет.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ҚАЙРАТКЕР

ЗАҢ САЛАСЫНЫҢ МАЙТАЛМАНЫ

ҚР ҰҒА академигі Сартаев Сұлтан Сартайұлын Қазақстанның егемендігінің конституциялық негіздерін құру үшін атсалысқан заң саласының майталманы деп айта аламыз.

13 желтоқсан 2019 жылы Сұлтан Сартайұлымен қоштасқан болатынбыз. Арада 2 жылдай уақыт өтсе де ұстаздың берген тәлім-тәрбиесі шәкірттерінің еңбектерінен көрініс табуда. Академик Сұлтан Сартайұлының тек ғылым жолын таңдаған шәкірттерінен – елуге тарта ғылым кандидаттары, доценттер; өзге көрші елдерді қоса есептегенде, оншақты ғылым докторлары, профессорлар бар.

Сұлтан Сартайұлының ғұмырлы мәнді өмірін еске алу мақсатында және де ұстаздың есімі мәңгі екендігін айғақтап, жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі заң факультеті ұжымының ұйымдастыруымен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткен болатын. 1955 жылдан 2019 жылға дейін заң факультетінде қызмет атқарған тұлға Сұлтан Сартайұлына арналған іс шара жыл сайын ҚазҰУ шаңырағында «Сартаев оқулары» деп атап өтіледі. Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуымен орайластырылған іс-шара тұспа-тұс келді. Конференция қонақтары, туыстары мен достары ғалым туралы жылы естеліктерімен бөлісті.

Академик Сұлтан Сартайұлының еліміз тәуелсіздік алған тұстары – заңгерлік, ғалымдық, қайраткерлік қыры мен таланты, шынайы елжандылық сезімі, ерекше патриоттық рухының биіктігі жарқырап көрінді.

Ардагер ғалым Қазақстан мемлекетінде «Қазақстан Президенті туралы» заңды, «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі» туралы декларацияны, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заң жобаларын жасауда өзі тікелей басшылық жасап, белсене араласқан болатын.

Ол жылдар туралы белгілі тарихшы ғалым, академик Манаш Қозыбаев кезінде былай деп жазды: «Сұлтекеңмен Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылымы депутаты болып қатар сайландық. Сұлтекең сол сәтте тағы бір жаңа қырынан танылды. Ол мемлекет қайреткері болып жетілгенін, майталман заңгер екендігін, асқан дипломаттығын, пікір таласына түскенде сайысқа түскен батырдай құлпырып кететіндігін көрсетті. Сол кезде ғылыми элита елдің егемендігін алуға атсалысты, рухани тайталаста, тізе қосып, бірге қаракет етті, бірінің жеткізбегенін екіншісі, үшіншісі тереңдетті. Жалпы, рухани майдан қалыптасты. Тіл заңы, елдің егемендігі, мемлекеттің тәуелсіздігі, оның рәміздері қабылданған кезде ғылыми элита жарқ етті, найзағайдай шатырлады, қарсыласын қалтыратты. Президенттің оң ісіне тірек бола алды. Сол ғылыми элитаны Салық ағамыз бастады, Сұлтекең өз позициясымен, өз түсінігімен жеке-дара шығып та жүрді, бірақ ағалы-інілі тарландар ол даралықты қарсылық, алыпқаштылық деп қарамады, даналықпен түсіне білді дейді. Сұлтан Сартайұлының есімі тәлім-тәрбие берген әрбір шәкіртінің есінде.

Ақмарал СМАНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты

ПІКІР

ТАТУЛЫҚ – ТАБЫЛМАС БАҚЫТ

Нұрлан ГУБАШЕВ
Орал қаласы мамандандырылған тергеу сотының төрағасы

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін дербес мемлекет ретінде халықаралық аренаға шықты, саяси реформаларды өте сәтті жүзеге асыра алды. Мұндай орасан зор өзгеріс жеңілдікпен келген жоқ. Жетпіс жылдан астам қалыптасқан сананы, дүниетанымды өзгерту міндеті де оңайға соқпады.

Халықаралық аренадағы барлық жетістіктер мен табыстар Елбасының сындарлы саясатымен тікелей байланысты. Ұлт көшбасшысының жаңа серпінге ие стратегиялық көзқарасы, дипломатиялық талантының арқасында Қазақстан әлемдегі іргесі мықты мемлекеттермен тығыз әлеуметтік-экономикалық байланыс орнатып, халықаралық ұйымдармен қатынаста нығая түсті.

Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады. Қазақ халқының егемендікке ұмтылған қадамы сәтімен жүзеге асты. Дүниеге жаңа мемлекет – Тәуелсіз Қазақстан Республикасы, дербес қазақ елі келді.

Біздің республика этносаралық жанжалдарды қазір де, болашақта да болдырмауға болатынын бүкіл әлемге сенімді түрде дәлелдеді. Ұлтаралық түсініскіктің қазақстандық моделі қалыптасып, нәтижелі жұмыстар жасалуда.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Республиканың саяси басшылығы өз азаматтарының құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге айрықша назар аударды. Біз ғасырлар бойы қаншама ұрпақтың арманы болған өткен тәуелсіздіктің, ұлттық мемлекет құру мұратының жүзеге асқан заманында өмір сүріп отырмыз. Ендігі күні іргетасы сапалы қаланған мемлекетіміздің шаңырағы шайқалмай, Тәуелсіздіктің тұғырлы Туы мәңгіге желбірей беретініне күмән жоқ. Өйткені, қазақ деп соғар жүрегі бар әрбір алаш баласының жұмылатын тұсы, ешбір тайсалмайтын ісі де осы Тәуелсіздік болуы тиіс.

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Сайын БОРБАСОВ, саяси ғылымдар докторы:

«БИЛІК ХАЛЫҚҚА ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН КЕЗДЕ МЕМЛЕКЕТ ДАМИДЫ»

– Сайын Молдағалиұлы, Тәуелсіздікте жеткен саяси жетістіктерімізді айтсаңыз.

– Тәуелсіздік әр халықтың басына біте бермейтін зор бақыт. Бұл бізге Алланың берген ең үлкен сыйы. Кейбіреулер айтып жүргендей ауызды қу шөппен сүрте беруге болмайды. Шынында да 30 жылда белгілі дәрежеде Қазақстан үлкен табыстарға жетті. Ең бастысы біз – Тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып, әлемдік қауымдастыққа танылдық. 130-ға жуық мемлекетпен дипломатиялық қарым-қатынасымыз бар. 700-ге жуық халықаралық ұйымның мүшесіміз. Адам құқығына, экологияға, заңдылықты дамытуға, құқықтық және азаматтық қоғам орнатуға байланысты 1000-нан астам әлемдік келісімшартқа қол қойдық. Бұл бағытта ел Парламенті 1800-дей заң қабылдады. Яғни, қоғамдық қарым-қатынастың барлық саласын заңмен реттеп, құқықтық мемлекет болуға тырысып жатырмыз. Кемшілігі көп болса да өзімізге тән ұлттық идеологиямызды жасай бастадық. Сонда да, біз өзіміздің шекарамызды жауып тастаған жоқпыз. Әлемдегі барлық жақсы инновациялардың, интернеттің енуі, бүкіл адамзаттық ақпараттық кеңістікке өтуіміз соның арқасында жүзеге асты. Біздің жастар әлемнің озық университеттерінде оқып, өзін бүкіл әлемге көрсете бастады. Димаш Құдайберген сияқты феномендер пайда болды. Джозеф Байденнің инаугурациясына біздің Президент те, Премьер-Министр де шақырылған жоқ, Димаш Құдайберген шақырылды. АҚШ-та Сәуле Омарова деген тағы бір жерлесіміз қаржы жүйесін басқаратын басқармаға жетекшілік жасауға ұсынылып жатыр.

Ең бастысы қазақ халқы тәуелсіздіктің арқасында өзінің тарихында болмаған демографиялық өсімге ие болды. Мысалы 1991 жылы қазақтың саны 6,1 млн болса, қазір 12,3 млн. Қазақ өз тарихында еш уақытта 30 жылда 2 есе көбейген емес. Кеңестік дәуірдің басында тіпті өсудің орнына 2 есе азайып кеттік. Сыртта жүрген 1 млн-нан артық қандасымызды елімізге оралттық.

– Патшалық Ресей тұсында және кешегі Кеңестік дәуірде түрлі жағдайда көрші елдердің құрамына өтіп кеткен, алайда қазақ халқы өзінің атажұрты санайтын және ата-бабаларының сүйегі жатқан бірқатар жердің тағдыры енді қалай болады?

– Біз енді ол жерді ешкімнен даулай алмаймыз. Өйткені, көршілес елдермен арадағы 14 мың шақырымнан асатын ортақ шекара туралы келісімшартқа қол қойдық, олар біздің шекарамызды әлемдік қауымдастық алдында мойындап, ол БҰҰ-да тіркелді. 2,7 млн шаршы шақырымды құрайтын Қазақстанның қазіргі жері біздің халқымыздың жүздеген, мыңдаған жылдар бойы өмір сүруіне толық жетеді. Сондықтан енді өнбес дауды қаузамай, бар жерге ие болып, оны болашақ ұрпаққа аман-есен жеткізе алсақ соның өзі зор жетістік болады.

Әрине, бұл жердің бізге қалуының өзі ең алдымен Алаш арыстарының еңбегі екенін атап өткен жөн. Олар автономия мәселесін патша үкіметі кезінен көтеріп, большевиктік Кеңес үкіметінің басшылары Ленин мен Сталиннің алдына мәселе қойып, оларды көндірді. Алдымен 1920 жылы Қырғыз-қазақ автономиялы республикасы құрылып, 1936 жылы ол одақтас республикаға айналды. Оның басында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлімхан Ермеков, Халел мен Жанша Досмұхаметовтер тұр. Бүгінгі басшылардың оны біз жасадық, біз осы жерде тәуелсіз мемлекет құрдық деп айтуға құқы жоқ. Бұл жерді қазаққа ие еткен, Кеңес дәуірінде дәлелдеген алаштықтар. Біз бұл жерде тек Кеңес Одағы құлаған соң Қазақстан Республикасын құрдық. Бұл бүгінгі ұрпақтың ғана емес, болашақ ұрпақтың да бақыты.

– Енді әттеген-ай дейтін нәрселерге келсек?

– Ол да көп. Ең бастысы кедейлікті күшейтіп алдық. Қазір елдегі 19,2 млн халықтың 25 пайызы кедей. Әлемдегі ешбір дамыған елде халықтың 25 пайызы кедей емес. Біз орта тапты күшейтеміз дегенді көп айттық. Бірақ ол қолымыздан келген жоқ. Осы арада неге кедейлік күшейіп кетті деген заңды сұрақ туады. Өйткені, тәуелсіздікті жариялағаннан кейін стратегиялық қателіктер де жіберіп алдық. Қалаларға халықтың шоғырлануы деген менің ойымша дұрыс болмады. Урбанизация процесі эволюциялық тұрғыда болу керек еді. Ауылдағы жұмыссыздық, материалдық ахуалдың нашарлауы халықты қалаға лақтырды. Осылайша ауыл өндірісін күйретіп тастадық. Тәуелсіздік алғанда халықтың жартысынан көбі ауылда тұратын. Қазір 40 пайызы ғана қалды. Ауылда тұратын халықтың басым көпшілігінің жұмысы жоқ. Әсіресе, шағын ауылдарда тұрмыстық қызмет көрсету мекемелері болмады. Ауылдан халықтың қашуы ауыл экономикасының күйреуіне байланысты болды. Ірі мал бордақылау алаңдарын, ірі мал өсіретін шаруашылықтарды сақтап қалу керек еді. Бұл басты қателік. Өйткені, әлемде әлі өнімнің көбін аграрлық кәсіпорындар береді. Біз болсақ бар дүниені шашып, азық-түлік қоймаларын талан-таражға түсірдік.

Фермерлер неге байымайды? Өйткені өнім сақтайтын қоймасы жоқ. Мысалы, Аягөзде бұрын биіктігі 9 қабатты үйдей мыңдаған тонна бидай сақтайтын үлкен элеватор болатын. Сондай элеваторлар Жармада да, Үржарда да болған. Жекешелендіруден кейін бәрі күйреді. Қойма жоқ болған соң фермерлер жинаған өнімінен тез құтылуға тырысады. Одан кейін, асыл тұқымды малдан айырылып қалдық. Маманданған шаруашылықтар тарап кетті. Асыл тұқымды мал болмаған соң сапалы ет те, сүт те болмайтынын ескермедік. Кейін «Ауыл жылы», «Дипломмен ауылға», «Ауыл – ел бесігі» сияқты бағдарламаларды жасады. Бірақ бәрі кешенді түрде болмады. Түбегейлі аграрлық реформаларды қайта қолға алмасақ біз енді бұрынғыдай қайта көтеріле алмаймыз. Өйткені, ауылды жақсартпай қаладағы азық-түлік мәселесін шеше алмаймыз. Азық-түлік қауіпсіздігі аграрлық кешеннің дамуына байланысты. Ірі аграрлық өндіріс орындарын, сақтау қоймаларын қалпына келтірмей біз ешуақытта табысқа жетпейміз. Қазіргі ең негізгі мәселе осыларды шешу. Әрине, ол үшін қаржы тауып, әкімшіліктер тұрақты жұмыс жасауы керек. Жалпы, ауыл шаруашылығында қай салада болмасын тәуекел өте жоғары. Бұл биліктің ақталуы үшін басты себеп болмауы қажет.

– Ғылымда «экономикада жоспарланған істі ерте жасауға болады, ал саясатта әр нәрсе өз уақытымен жасалу керек» деген тұжырым бар. Біздің саясаттағы озып кеткен, не қалып қойған тұстарымыз қайсы?

– Онда да үлкен ауытқу болды. Мемлекеттік билік халыққа қызмет жасаудың орнына аз ғана олигархиялық топқа қызмет жасап кетті. Бізде дамыған елдердегідей халықтық капитализм емес, олигархиялық капитализм үстемдік құруда. Жасыратыны жоқ, туыстық, тамыр-таныстық, жершілдік Қазақстанның үлкен әлеуметтік ауруы. Биліктің жершілдікке, парақорлыққа жол беруі – басты қателігі. Мемлекет қандай жағдайда дамиды? Билік халыққа қалтқысыз қызмет еткен кезде. Әрине, ол қалтқысыз қызмет еткені үшін жақсы жалақы алып отыруы тиіс. Бірақ ол өзіне коммунизм орнатып алмауы керек. Біздің биліктегі адамдар алдымен өзіне бар жағдайды жасап алды. Онда бәрі бар. Олар миллиардердің өмірін сүруде. Парламентте жақсы заңдар қабылданады, алайда ол өзі қабылдаған заңдардың орындалуын бақылай алмайды. Бізге әлі де конституциялық реформалар қажет, Парламенттің рөлі күшеюі керек. Оған мемлекетшіл, халықшыл адамдар барғаны жөн. Ол үшін сайлау әділ өтуі қажет. Біздегі сайлау демократияға фальсификация жасап, оны мазақтауға көбірек ұқсайды. Демократияның өзінің қағидалары бар ғой. Онда бірінші – заң орындалуы тиіс, екінші – заң бұрмаланбауы қажет, үшінші – сайлау әділетті өту керек.

– Халқы кедей елде демократия дамиды ма?

– Біз қолдан келетін демократиялық принциптерді орындасақ байимыз. Егер осылай отыра берсек олигархтардың жемі болып қала береміз. Демократиялық принциптер жанама түрде экономиканың дамуына, әлеуметтік мәселелердің шешілуіне, халықтың психологиялық жағдайын жақсартуға көмектеседі.

– Қоғамды дамытуда тек билік қана шешім қабылдайтын дағды келмеске кетті дей аламыз ба?

– Рас айтасыз. Шынын айтқанда бізде халықтың азаматтық, саяси белсенділігі төмен. Өйткені, Кеңестік дәуірде халық көп қырылды, ақылдылары қуғын-сүргінге ұшырады. Біз интеллектуалдық қорқыныш көрген халықпыз. Ол да психологиямызға жанама түрде әсер етеді. Сондықтан, биліктен өз құқымызды талап етуге қорқамыз.

– Ұлт мәселесін шеше алдық па?

–Толыққанды шеше алған жоқпыз. Халық қазақша, билік орысша сөйлейді. Қарасаң билік бір жақта, халық екінші жаққа кетіп барады. Барлық салада қазақ тілінің мемлекеттік салтанат құратын уақыты келді. Халықтың 71 пайызы қазақ. Демократиялық принципке сүйенсек те бәрі қазақша сөйлеу керек қой. Соны күн тәртібіне қоя алмай келеміз.

– Қазақ елінде ұлттық мемлекет құру мүмкін бе?

– 30 жылда Қазақстанның демографиялық келбеті өзгерді. Біз ұлттық мемлекет құрудың алдында тұрмыз. Қазақ тілінің статусын 5-6 жылда қалпына келтіруге мүмкіндігіміз бар. Біртіндеп соған келе жатырмыз. Енді 20 жылда қазақтар 90 пайызға жетеді. Өкінішке қарай, оған геосаяси ахуал, орыс факторы, орыс әлемі бөгет жасауда. Қытай факторы, қытай әлемі, батыстық дүниетаным да бізге біршама бөгет жасап келе жатыр. Егер тілдік, діндік бөлінуді жоя алсақ қазақ топтасады. Қазір түрлі діни ағымдар қазақты бөлшектеп жатыр.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНЕҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЖЫЛНАМА

ЕЛ БАСЫНА ҚОНҒАН БАҚ

Ел ағалары өткен ғасырды күрсініп еске алады. Өйткені, қазақ халқы тәуелсіздікке жету жолында талай қиындыққа кезікті, тағдыр тауқыметін тартты. Ғасырлар бойы бодандықтың бұғауында, кеңестік кезеңнің шырмауында болды. Бірақ бұл кезеңдер де артта қалды. Азаттықты аңсаған ел 1991 жылы Тәуелсіздікке қол жеткізіп, Қазақстан егемендігін төрткүл дүниеге паш етті.

Қазақ елі өз алдына дербес мемлекет құрған тұста ел тізгінін қолға алған ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Назарбаев ең алдымен ел экономикасын еселеуге, дағдарысты ауыздықтауға кірісіп, елдің даму жоспарын әзірледі. Содан бері еліміз егемендіктің ауасымен еркін тыныстап келе жатқанына биыл отыз жыл толыпты. Бұл бір мемлекеттің қалыптасуы үшін ұзақ жыл болмаса да, Тәуелсіз елдің тағдырын қолына алған Елбасының сарабдал саясатының арқасында Қазақстан мемлекетін әлем таныды, ел экономикасы өркендеді.

Тәуелсіздіктің ақ таңы атқан тұста Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде экономикалық, саяси, әлеуметтік реформалар жүзеге асырыла бастады. Елбасының стратегиялық бастамалары, болашақты болжай білетін көрегенділігі, сарабдал саясаткерлігі арқасында жас мемлекетіміз дамудың даңғыл жолына түсті. Әсіресе, тәуелсіздіктің бізге берген ең ғажайып сыйы – тіліміз, дініміз қайта тіріліп, ұлттық сипатымыз айшықталды. Еліміздегі жас түлектер шет елдерде білім алып, әлемнің озық технологияларын меңгере бастады. Өзімізде өндірілген өнімге сұраныс көбейіп, экспорт-импорт көлемі артты. Өйткені, Қазақ елі Тәуелсіздікке қол жеткізген ширек ғасыр ішінде әлемнің 180-нен аса мемлекетімен дипломатиялық достық орнатып, өзара тиімді экономикалық байланысты нығайтты.

Тәуелсіздік бізге не берді? Ең алдымен, еркіндік берді. Қазақ халқының ұлттық санасы жаңғырып, өзінің ежелден қалыптасқан тарихы мен ұлттық дәстүрлері, ұлы тұлғалардың есімі қайта оралды. Ата Заңымыз қабылданып, мемлекеттік рәміздеріміз өмірге келді. Өзіміздің төл теңгеміз айналымға шығып, халықтың әл-ауқаты жақсарды. Мұның барлығы Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тек арман ғана болып көрінгені жасырын емес. Аз ғана уақыт ішінде эканомикасы қарыштап дамыған елдің отыз жылда жеткен жетістігін бір ғана Есіл бойындағы әсем шаһар, бас қаламыздың ажары төрткүл дүниені тамсандырып, таңдай қақтырған Нұр-Сұлтаннан аңғаруға болады. Халықаралық мамандандырылған ЭКСПО–2017 көрмесі де осы алып шаһарда өтті. Бір сөзбен айтсақ, Тәуелсіздік – жоғымызды түгендеп, елдігімізді айшықтаған баға жетпес байлық. Әрбір адам осының қадірін білсе, ынтымақ-бірлігі жарасқан Қазақ елі әлі талай асуларды бағындырып, биік белестерге қол жеткізері сөзсіз.

Ж. ҚОҢЫРБАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының бас маманы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

НӘТИЖЕ

ЖАҢҒЫРҒАН, ЖАҢАРҒАН ЖҮЙЕ

Артта қалған 30 жылдың жемісті де жеңісті болғаны ақиқат. Егемендіктің алғашқы жылдары Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі болды. Жоспарлы жұмыс, сарабдал саясаттың арқасында мемлекетіміздің нышандары белгіленіп, билік жүйесі қалыптасты. Өз Ата Заңымызды қабылдадық. Әділетті қоғамда өз құқығын қорғай алатын мемлекет құрдық.

Ел тәуелсіздігін сот тәуелсіздігінен бөліп қарай алмаймыз. Қазақстан Республикасының сот жүйесі тәуелсіздік туын көтерген сәттен бастап бүгінгі күнге дейін құқықтық мемлекет құру мақсатында жүктелген міндетті абыроймен атқарып келеді. Себебі, сот жүйесінің абыройы – биліктің абыройы. Сот жүйесі әділетті және қоғамның сеніміне ие болуы үшін судьялық кадрларды жақсарту, соттардың тәуелсіздігін күшейту және сот қызметінің сапасын арттыру міндеттерін мүлтіксіз орындап келеді.

Тәуелсіздік алғалы бері сот жүйесінде қадау-қадау реформалар іске асырылып келеді. Оның ішінде сонау 1993 жылы алғашқы Конституцияның қабылдануынан бастап, 1994 жылы сот органдарының қызметін реттейтін құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы, соттардың тәуелсіздігі мен қауіпсіздігіне кепілдік берілуі реформаның басы еді. Сот жүйесін реформалау осыдан кейін кезең-кезеңімен жүргізілді. Соттардың тәуелсіздігін нығайту мақсатында 2000 жылы Әділет министрлігінен соттардың қызметін қамтамасыз ететін сала бөлініп шығып, Жоғарғы Сот жанынан Сот әкімшілігі комитеті құрылды. 2000 жылы «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» конституциялық заң қабылданды. 2001 жылдан бастап елімізде мамандандырылған соттар құрыла бастады. Сот билігі үш сатылы жүйеге ауысты. Соңғы он жылда процестік заңдар жаңартылды. Ал Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қолданысқа енгізілуі және

Әнуар ДАУРЕШОВ, Байқоңыр аудандық сотының судьясы

әкімшілік соттардың ашылуы – ел тарихына бетбұрыс жасады.

Жалпы, сот жүйесінде қандай реформа іске асырылса да, ол ең алдымен құқықтық мемлекетті жетілдіруге, Тәуелсіздікті нығайтуға, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауға бағытталады.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

ПАЙЫМ

ҰТЫМДЫ ІСТЕР ҰЙЫТҚЫСЫ

Айдарбек ТЛЕНОВ,
Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы, ҚР Судьялар одағы Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы

Биыл Қазақстан Республикасы Судьялар одағының құрылғанына ширек ғасыр толып отыр. Бұл судьялар қауымдастығының барлық жұмысын ұйымдастыратын, халықаралық қатынастарды нығайтатын бірден бір қоғамдық бірлестік.

Судьялар одағын құрудағы басты мақсат – соттардың тәуелсіздігі мен мәртебесін нығайту, материалдық техникалық базасын жақсарту, сыбайлас жемқорлық және Судьялардың әдеп кодексі ережелерін бұзушылықтарды жою, халықтың арасында судьялардың имиджін артыру болатын.

Бұл жұмыстар ауқымды міндеттерді жүктейді. Бүгінде бірлестік алдына қойылған мақсат артығымен орындалып отыр.

Біз үнемі ақпараттардан, күнделікті қызметте соттардың арасында ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар өткізіліп жатқанынан хабардармыз. Судьялардың тәжірибе алмасуы үшін арнайы диалог алаңын ұйымдастыру, біліктілігін арттыру, судьялар шығармашылығын қолдау мақсатында тұрақты түрде сапалы құқықтық басылым шығару, ұжым арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, қайырымдылық шараларын ұйымдастырып, аға буын мен кейінгі буын арасындағы байланысты нығайту жұмыстары бір сәтке де үзілген емес. Бұл жұмыстардың басты ұйытқысы – Судьялар одағы.

Ең ауқымды жұмыстардың бірі – тәуелсіздік алғалы бері әр төрт жыл сайын тұрақты түрде республика судьяларының съезін өткізуі. Съездің қаншалықты маңызды, ауқымды екенін оған Мемлекет басшысының өзі қатысып, нақты міндеттерді айқындауынан, шетелден әр түрлі мамандар мен инвесторлардың, заңгерлер мен судьялардың қатысқанынан байқау қиын емес. Әр съездің көтерер жүгі де ауыр, онда үлкен мәселелер талқыланып, межелер анықталады.

Судьялар одағының ұйымдастырып, ықпал етуімен көршілес елдердің заң қауымдастықтарымен, қоғамдық бірлестіктерімен қарым-қатынас орнатып, қарқынды жұмыс істеуде. Судьялар одағы ЮСАИД, ЕҚЫҰ, БҰҰ Даму бағдарламасы және өзге де халықаралық ұйымдармен, Техникалық ынтымақтастық жөніндегі Неміс қауымдастығымен (GIZ) бірлескен жобаларды іске асыруда.

Биылғы жыл да ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Судьялар одағы, оның Маңғыстау облысындағы филиалы үшін жауапкершілігі мол әрі жүктемесі ауыр жыл болды. Бірқатар ауқымды шараларды атқарып, өткен күнге есеп беріп, алдыңғы күндерімізге жоспар жасадық.

Республика судьяларының 2020 жылы Нұр-Сұлтанда өткен сегізінші съезінде Президент пен Жоғарғы Сот төрағасы сот жүйесінің алдына бірнеше міндеттер жүктеп, нақты тапсырмалар берген болатын. Сондықтан, сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, жұмыс барысында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, судьялар мен сот қызметкерлерін ынталандыру арқылы жалпы сот беделін көтеру, істерді мерзімінде қарау бағытында міндеттер айқындалды.

Судьялар одағының облыстық филиалы облыстық сот тарапынан өткізілетін шараларға белсене қатысып, көптеген игі істердің бастамашысы болып келеді. Республикалық Судьялар одағымен бірлесе отырып мамандандырылған ауданаралық соттардың жұмыстарын жақсарту, спорттық жарыстар ұйымдастыру, сот ардагерлерін ынталандыру жұмыстарын атқарды. Филиал бірнеше рет соттар арасында, өзге құқық қорғау органдары арасында спорттық турнирлер ұйымдастырып, үздік ойыншыларды марапаттады.

Судья резервінде тұрған кадрлар, жас кеңсе қызметкерлері, жас судьялар арасында түрлі республикалық, облыстық семинар-тренингтер, конференциялар, сот ардагерлерімен кездесулер ұйымдастырылып, олардың біліктілігін арттыруға, өмірі мен қызметі өнегелі ардагерлердің өсиеттерін тыңдауға үлес қосуда. Сонымен қатар, атаулы күндер мен кәсіби мерекелерде ынталандыру шаралары да жалғасты.

Еліміздің Судьялар одағы халықаралық деңгейде декларацияларға, судьялардың ұлттық тәуелсіз бірлестіктерінің көп жақты ынтымақтастық мәселелері жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумына қол қойған, яғни олармен өзара ынтымақтастық жұмыс жүргізіледі.

Қазіргі уақытта Судьялар одағы сот корпусының ақпараттық-имиджді жұмысын да тұрақты жүргізуге атсалысып келеді. Республикалық «Заңгер» журналы сот практикасының ең үлкен базасына айналған, имиджі қалыптасқан, тиражы көп, салалық басылымдардың бірі.

Тәуелсіздік алғалы бері еліміздің сот-құқық жүйесі үнемі ілгерілету мен ауқымды реформаларды іске асырумен келеді. Себебі, құқықтық мемлекет құру үшін ең бастысы ел азаматтары өз құқығы мен бостандығын заң алдында қорғай алуы, заңын сыйлап, оны мүлтіксіз орындауы тиіс. Бизнестің дамып, елдің экономикалық жағдайының көтерілуі үшін инвестиция келуі керек. Ал, инвесторлар заңы мен соты дамыған, халықаралық талаптарға жауап бере алатын елге келеді. Бүгінгі таңда Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында ел азаматтары үлкен белеске жетті, ауыр күндерді өткерді, талай сын сағаттарымен бетпе-бет келді.

Бірақ біз егемендігіміз берік, тәуелсіздігіміз тұғырлы, болашағымызға нық қадам мен айқын стратегиялық жоспарымыздың арқасында бәрін де еңсеріп келеміз. Тәуелсіздік сот билігінің мәртебесін бұдан да әрі асқақтата береді деп сенеміз!

ЕСТЕЛІК

ЕСКЕ АЛСАҚ ЖАС ТАМАДЫ КӨЗІМІЗДЕН

Қайрат КАМАЛИЕВ

Алматы қаласына 1986 жылы мамыр айында келдім. Қалалық өмірім Іле геофизикалық экспедициясына сейсмолог болудан басталды. Көбіне іс-сапар, бақылау жұмыстары болды. Қыс басталғаннан профилактикалық жұмыстармен 1 Май ауылында болдық. Ол кезде жұмыстан соң кейде кино көруге қалаға шығатынбыз. Жатақхана жылы, асхана жанымызда, уайымсыз жұмыста жүріп жаттық.

Түннің бір уағында Халық шаруашылық институтында оқитын Бейсек Баталов деген жерлесіміз іздеп келіпті. Өзінің Брежнев атындағы алаңнан келе жатқанын, онда жастар жиналғанын ауызға алды. «Колбиннің республиканың бірінші хатшысы болғанына қарсымыз, ертең жаппай алаңға шығамыз» деді. Сөйтіп, 17-сі күні Бейсек, Тұрсынбек және мен алаңға қарай бет алдық. Біз барғанда бір қауым ел жиналып қалыпты. Бірте-бірте қатарымыз көбейді. Алаң тола бастаған кезде республиканың сотынан да, прокуратурасынан да, үкіметінен де ең мықты дегендері келуге мәжбүр болды. Талабымызды айттық, бірақ олар оны орындаудан бас тартты. «Мүмкін емес! Партияның шешімі шешім, ол талқылауға келмейді» деді. Патриоттық әндер шырқап, тәртіп бұзбай тұрдық. Арандатқан өздері. Екі арадағы қақтығыстың басталуы да содан кейін болды. Кешке қарай нағыз майданға айналды. Милиционерлер де, қалқан ұстаған солдаттар да әбден қызынып, бізді қалайда қуып шығу операциясына кірісті. Ұсталғандарды шетінен әкете бастады. Қолдарын қайырып, шаштарынан тартып сүйрелейді. Әлбетте сондай көрініс көріп шыдап тұрамыз ба, біз де аянып қалмадық. Талай рет бетпе-бет шайқастарға қатыстық. Әскерде болғаным, спортпен айналысқанымның пайдасын көрдім. Өрт сөндіргіш машиналардың су шашқаны да ашындырды. Атқылаған судың екпіні өте қатты болатынын бұрын білмеппін, соған шыдай алмай шалқалап құлап жатқандарды көргенде абыржып қалдым. Бізді жазалауға алыс қалалардан алдырған арнайы жасақтар құлшына кірісті. Олар өлі-тірісіне қарамайды екен. Біз де қайтпадық, автобустарды өртедік, жеңіл машиналарды төңкердік, су шашатын машиналардың есік-терезелерін қираттық.

Екі милиционердің бір қыздың шашынан ұстап, қолын қайырып әкетіп бара жатқанын көргенде шыдай алмай кеттім. Қолымда дружинниктерден тартып алған арматурам бар еді. Жүгірген бойда жетіп барып біреуін қақ желкеден қойып қалып

Сол бір күндер ұмытылмас Желтоқсан,
Тәуелсіздік алу үшін үн қосқан.
Қарғыс атқыр 86 қысында,
Қып қызыл боп жатты сонда алаң қан.
Талай боздақ қыршын кетті қиылып,
Қырғын майдан басталғанда жиылып.
Сойылы бар, соққысы бар малғұндар,
Қаруымен бізді жүрді иіріп.

Қыстың күні қан түкіріп алаңда,
Қазақ үшін намысыңмен аянба.
Қазақ үшін үш күн жүріп қан кешкен,
Сол күндерде санам менің оянған.

Жеткізе алмай сол сұмдықты сөзбенен,
Еске алсақ жас ағады көздерден.
Намыс үшін құрбан болған қазағым,
Биік сенің тұғырың да өзгеден.

құлаттым. Маған көмекке төрт-бес жігіт жүгіріп келді. Жерге құлаған милиционер жандәрмені қалмай тұра қашты, екіншісі одан бұрын қашқан. Жаңағы өзім араша-лаған қызға қарасам, кіп-кішкентай, жас шамасы он бес-он алтыларда ғана болар. Байғұс қыздың денесі қорқыныштан дірдір етеді, екі көзінен тарам-тарам жас аққан.

Алаңда не бір сұмдықтарды көрдік. Аппақ қар қызыл қанға боялды. Жараланғандардың өзі алаңнан кеткісі келмеді. Қан аққан жерлерін қол орамалмен таңып алып, арамызда жүргенін көзбен көргенде одан әрмен жігерленіп кетеді екенсің. Шынын айтқанда сол күні қазақтың қандай ұлт екеніне бүкіл әлем куә болды. Біз ар-намысымызды таптатпайтын ұлттың ұрпақтары екенімізді көрсете білдік.

ЖАРНАМА

ӘРТҮРЛІ

2. ЖШС «Petroleum Development Company», ҚР Экологиялық кодексінің 58-бабы 2-тармағы және 73-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес 2021 жылғы 24 желтоқсаннан 2022 жылғы 18 қаңтарға дейін бірыңғай экологиялық порталда (бұдан әрі-портал) Ecoportal.kz) «Алматы облысы, Қарасай ауданы, Үміткер ауылдық округі, Алмалыбақ ауылы, 1-Квартал, 19, 20-уч. орналасқан буфеті, кафесі және шағын паркі бар автожанармай құю станциясын салу» жұмыс жобасына қоғамдық тыңдау жария талқылау нысанында өткізіледі.

Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер мен ұсыныстар беру үшін бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады.

3. «ORO Ломбард» ЖШС, ЖСН 201040000767, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Ілияс Жансүгіров көшесі, 78 ғимарат, индекс 041300.Тел.+77789999990.

6. «Ломбард BENEFID» ЖШС, БСН 080340008307, микроқаржылық қызметтің қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігіне өзінің ерікті түрде жүгінгені туралы хабарлайды. Лицензияның нөмірі 07.21.0001 Л, 19.02.2021ж. берілген.

ТАРАТУ

7.«Зерновая индустрия» ЖШС, БСН 020740005108, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Чехов көшесі, 103 үй

8.Түркістан облысының «Әділет» заң кеңесшілерінің палатасы, БСН 191040015949, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Даңғылы Тәуке Хан, үй 215, пошта индексі 161200.

9. «Қара-Ада» ЖШС, БСН 971240023752 өзінің таратылатынын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Маңғыстау обл., Ақтау қ. 13 ш/а, 2 үй, 180 п. Тел: 87013691296.

МҰРАГЕРЛІК

5. 27.03.2019 ж. қайтыс болған Баймухамедова Болтуштың артынан мұра ашылды. Мұрагерлер немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус П.А.Айдарбековаға келулеріңіз керек: Түркістан қаласы, С.Ерубаева көшесі, 199Л ғимараты. Тел.87011721304.

БАНКРОТТЫҚ

4. Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 08.12.2021ж. ұйғарымымен «ПСК Титан» ЖШС-нің, БСН 100940009402, банкроттығы туралы азаматтық іс қозғалды.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ТӨРЕЛІК

ОТЫЗ ЖЫЛДАҒЫ ОЗЫҚ ІСТЕР

Уәлихан РАХМАТУЛЛАЕВ, Есіл аудандық сотының судьясы

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев сот төрелігін мінсіз жүзеге асыруға ерекше мән береді. Сот саласына республикада сындарлы қадамдар мен реформалар жасалды. Судьялар үшін Конституцияның қабылданған күні ерекше маңызға ие.

Елімізде алқабилер соты мен мамандандырылған соттар (ауданаралық экономикалық, әскери, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі, әкімшілік, тергеу, әкімшілік құқықбұзушылық, қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соттар) пайда болды. 2021 жылдан бастап азаматтар (ұйымдар) мен мемлекеттік органдар арасындағы дауларды қарайтын әкімшілік сот төрелігі мен әкімшілік соттар іске қосылды.

Еліміздің сот жүйесінің дамуы үздіксіз жалғасып келе жатыр. Судьялардың жауапкершілігі арттырылды, олардың тәуелсіздігі қамтамасыз етілді, Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігін жүзеге асыру сапасы жөнінде комиссия құрылды, Сот жюриі Жоғары Сот Кеңесіне берілді. 2015 жылдан бастап Жоғары Сот Кеңесі соттарды құру жөніндегі конституциялық өкілеттіктерін қамтамасыз ету үшін құрылған, судьялардың тәуелсіздігіне және олардың иммунитетіне кепілдік беретін дербес мемлекеттік орган болып табылады.

Сот кадрларын қалыптастыруға үлкен көңіл бөлінуде, сондықтан судья лауазымына тағайындалудың шекті жасы 30-ға дейін ұлғайтылды, іс мәселелерін шешу, әңгімелесу, кандидаттарды полиграфологиялық тексеруден өткізу жүйелері енгізілді. Соңғы жылдары сот процесін цифрландыру, Сот кабинетін құру мен оның жұмысы, сот отырысын дыбыс-бейне жазбаға түсіру, электронды сот ісін жүргізу тұжырымдамасын енгізу бойынша кешенді жұмыстар жүргізілгенін айта кету қажет. Пандемия жағдайында азаматтар денсаулығына қауіп төндірмей, соттың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін онлайн үдерістер жүйесі дер кезінде енгізілді.

Дауларды шешудің соттан тыс институттарының дамуы соттарға түсетін жүктеменің төмендеуіне әкелді. Кейінгі жылдары медиация және татуластыру орталықтарының не екенін білдік, атқарушылық жазба институты іске қосылды, Төрелік соттар белсенді жұмыс істей бастады. Әкімшілік құқық бұзушылық құрамының басым бөлігі соттардан тиісті мемлекеттік органдарға қарауға берілді. Жақында сот тәжірибесінің бірлігін қамтамасыз етіп, судьялардың жүгін жеңілдетуі тиіс сот төрелігін жүзеге асыруға жасанды интеллектіні тарту жобасы таныстырылды. Бүгінгі таңда сот жүйесінің дамуына, «Әділ және тәуелсіз сот» қағидасының басты мақсатына жетуге ықпал етуі тиіс тағы да көптеген жобалар іске асырылып жатыр. Осының бәрі кәсібилік пен шеберліктің тәжірибемен келетінін, ал шеберлік сенімді қалыптастыратынын дәлелдейді.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

ТАМЫР

Еліміз тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі 30 жыл. Осы аралықта Қазақстан етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес зайырлы ел болды. Желтоқсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерлігінің арқасында шаңырағы биік, керегесі кең мемлекет болып қалыптастық.

АЩЫ ТЕРМЕН КЕЛГЕН ТӘТТІ ЖЕҢІС

Тәуелсіздік ащы термен келген тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн. Егемендігіміздің мәңгілік үш тағаны – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Шекара сызығын ресми түрде халықаралық шартпен бекітіп, оны әлем жұртының мойындауы соңғы бірнеше ғасырда үрдіске айналды. Оған дейін қазіргідей делимитация, демаркация деген ұғымдар болмаған. Қазір біздің екі жақты келісімдермен бекітіліп, халықаралық деңгейде танылған шекарамыз бар. Енді оған ешкім дауласа алмайды.

Қазақстан – біртұтас мемлекет. Еліміз оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс деп бөлінбейді. Қазақ үшін тоқымдай жердің өзі қымбат, бір уыс топырақтың өзі алтын. Бірақ біз соны бағалай білеміз бе?! Мұның бәрі тәлім-тәрбиеден басталады. Ата-анасымен бірге ауласына ағаш екпеген, үлкендердің жан-жануарға деген мейірімін көрмеген, кішкентайынан табиғатты аялауға дағдыланбаған бала өскенде туған жеріне жаны ашымайды. Мәселе экологияда емес – отаншылдықта, заңда емес – санада.

Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі екені Ата Заңымызда 90-жылдардағы күрделі кезеңнің өзінде нақты жазылған. Біз тәуелсіздік дәуірінде ана тілімізді дамыту үшін барлық жағдайды жасадық. Осы аралықта қазақ тілінде білім беретін мектептер мен оқу орындарының, балабақшалардың саны еселеп көбейді. Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты. Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Осы міндет бәріміздің санамызда жаңғырып тұруы тиіс.

Зухра РАЙЫМХАНОВА, Шығыс Қазақстан облыстық тергеу сотының судьясы

ЗАМАНДАС

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТӨЛ ҚҰРДАСЫ

Әділхан БАЙСАРИЕВ – құқық қорғау саласындағы үздік қызметкердің бірі, тәуелсіздіктің төл құрдасы. Ол Қызылорда қалалық Полиция басқармасында еңбек етуде. Бүгінде Полиция басқармасының жедел криминалистикалық бөлімінің криминалисі, полиция аға лейтенанты.

Құқық қорғау қызметінде криминалистика саласынсыз қылмысты ашу мүмкін емес. Қылмысты кім жасады? Ол қашан, қай күні, тәуліктің қай мезгілінде болды? Осы және өзге де сұрақтардың барлығын анықтау криминалист мамандар міндеті. Әділхан құқық қорғау саласында он жылға жуық абыройлы қызмет етіп келеді. Отбасында ағаларының жолын қуған ол криминалистика саласының 100 жылдық мерейтойына орай мерекелік медальмен марапатталған.

– Криминалист мамандығын меңгеру екінің бірінің қолынан келе бермейді. Себебі, маманды дайындау барысы да күрделі. Бала күнгі арманым – полиция қызметкері болу еді. Ең бастысы бүгінде құқық қорғау саласында ел тыныштығы жолында қызмет етіп келемін. Полиция қызметі – халық сенімінің айнасы. Сондықтан өзіме жүктелген абыройлы

міндетті әрі қарай үлкен жауапкершілікпен атқаратын боламын, – дейді ол.

Маманның жетістікке жетіп, арманының орындалуына бірден бір себепкер – анасы Гүлмира Абишева. Ол ұлдарына үнемі қолдау білдірді. Әділханның әкесінің орнын жоқтатпаған анасына алғысы шексіз. Жұбайы Әйгерім Наушабай облыстық жедел-жәрдем стансасында фельдшер қызметін атқарады. Ұжымда Әділхан досқа адалдығы мен жауапкершілігі үшін құрметті. Өз жұмысын өте жақсы көреді және одан көмек сұрай келгендерге қол ұшын беруге әрдайым әзір. Табандылығымен, ізденімпаздығымен әріптестерінің құрметіне бөленіп, мақтанышына айналған криминалист қызметтен тыс уақытын бос өткізбейді. Тәуелсіздік құрдасы түрлі спорттық жарыстардан жүлделі орын алып, абырой биігінен көрініп жүр.

Гүлбану МАҚАЖАН
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

КӨЗҚАРАС

ӨТКЕНГЕ ТАҒЗЫМ

1991 жылдың желтоқсанында тәуелсіздік таңы атып, қазақ халқы сан ғасыр армандаған мақсатына қол жеткізді. Өткен тарихымызға көз жүгіртсек, тәуелсіздік жолында қазақ халқы түрлі сынақтарды бастан өткеріп, азап шегіп, ауыр шығындарға ұшырады, аштан қырылып, зиялы қауымын жоғалтты, басқа елдерге бас сауғалауға мәжбүр болды, тілі мен мәдениетінен айырылуға шақ қалды.

Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде мемлекеттік тіліміздің дамуына, рухани құндылықтардың түгенделуіне негіз қаланды. Ең алдымен бұрмаланып келген тарихымыз қайта қолға алынып, ондағы ақтаңдақтардың ащы шындығы ашық айтылды. Ел үшін аянбай еңбек еткен елеулі тұлғаларымыздың есімін ел есінде сақтауға мүмкіндік туды. Бастысы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңы төл Ата Заңымыз, «Тіл туралы» заңы қабылданды. Экономикамыз дамыды, арқаның төрінен астанамыз бой көтерді.

Тәуелсіздігіміздің іргелі сот саласы заман талабына сай қайта құрылып, мемлекеттік биліктің бір тармағы ретінде толық қалыптасты және азаматтардың конституциялық құқығын қорғау міндеті толыққанды орындалды. Сонымен бірге, төрт жыл сайын өткізілетін республика судьяларының съездерінде соттың алдында тұрған өзекті мәселелерге назар аударылып, сот саласының жұмысын оңтайландыру, ашықтық пен қолжетімділікті қалыптастыру, соттардың кәсіби біліктілігін арттыру, сот залдарын жүз пайыз дыбыс-бейне-жазба құралдарымен қамтамасыз ету, алқабилер сотының ауқымын кеңейту, электронды сот төрелігінің қолданысын арттыру бағытында нақты жұмыстар атқарылды.

Республиканың сот жүйесі осы жылдар аралығында құқықтық мемлекеттің стандарттарына сай келетін шынайы тәуелсіздікке қарай қарқынды қадам басты. Сот жүйесінде болған түбегейлі өзгерістер сотқа қолжетімділікті қамтамасыз етіп қана қоймай, кез келген тұлғалардың өз құқығын сот арқылы жүзеге асыруына жол ашты, азаматтардың сот билігіне сенімін күшейтті. Мемлекет басшысының жолдаулары мен мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялық бағыттардың барлығы қарапайым халықтың тұрмысын жақсартып, тәуелсіздікті нығайтуға бағытталды.

Отанымыз үшін Тәуелсіздік күні – біртұтас елдіктің, ынтымақтастық пен татулықтың, сонымен қатар, өткенге деген тағзым мен болашаққа деген үміттің мерекесі. Ұлық мерекеміз құтты болсын!

Күміс ЕСПЕНБЕТОВА, Қызылорда қаласы №2 сотының судьясы

ДӘУІР

КӨПТІҢ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚҚАН ЖОБАЛАР ӨМІРШЕҢ

Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өттік. Әйтсе де, осы жылдар ішінде тәуелсіз мемлекет ретінде тындырған ісіміз аз емес. Тәуелсіздіктің арқасында ұлт ретінде сақталып, мемлекет ретінде алты құрлыққа танылдық. Дүниедегі күллі елдермен байланыс орнатып, тереземіз барша мемлекетпен теңесті. Мемлекетіміздің тұғыры нығайып, әлеуметтік-экономикалық әлеуетіміз артты. Тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде еліміздегі барлық сала заман талабына сай үздіксіз жаңғыртылды. Соның бірі – сот жүйесі дер едім. Сол уақыттан басталған сот саласындағы реформалар кезең-кезеңімен жүзеге асып, заңдар мен ережелер, бағдарламалар халықаралық тәжірибе мен сарапшылардың талқылауымен жетілдірілді.

Сот саласындағы жетістіктердің бірі – цифрлық технология. Жаңа технология сот қызметін жаңа деңгейге шығарды. Бұрын сот ғимаратына арнайы келіп, арыз-шағым жазатын азаматтар қазір онлайн режимде электронды түрде жолдайды. Әсіресе, сотпен қоян-қолтық жұмыс істейтін адвокаттар қауымы «Сот кабинеті» сервисінің тиімді, пайдалы екенін айтуда. Жаңа ақпараттық технологияны енгізудің тағы бір тиімділігі – арызданушы азаматтар мен сот қызметкерлерінің тікелей қарым-қатынасқа түсуіне жол берілмейді. Осылайша ел аумағында коронавирус секілді қауіпті індет тарап, эпидахуал өршіген кезде адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғауда, індеттің таралуына жол бермеуде заманауи сандық технологияның көмегі зор болды.

Сот жүйесін жаңа деңгейге көтеру жолындағы игі бастамалар Елбасының және Мемлекет басшысының саясатымен жүзеге асуда. Сондай-ақ, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары, судьялар съездерінде берген тапсырмалар, «Рухани жаңғыру», «Цифрлы Қазақстан» бағдарламалары республикадағы сот жүйесін жаңа арнаға бұрды. Осыдан үш жыл бұрын «Сот төрелігінің 7 түйіні» негізінде «Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс», «Е-Сот», «Оңтайлы орта», «Сапалы нәтиже», «Сотсыз татуласу орталығы» жобалары жүзеге асқан еді. Соған орай судьялардың да мәртебесі жыл өткен сайын арта түсуде.

Иә, тәуелсіздікпен бірге дамыған тәуелсіз сот саласының жеткен жетістігі мен бағындырған белесі аз емес. Бір мақала аясында сот саласындағы жетістіктердің барлығын тізіп айту да қиын. Ең бастысы, сот саласының қызметкерлері халықтың сотқа деген сенімін арттырып, заң шеңберінде әділ сот төрелігін жүзеге асыруда.

Б.ЖУРАБАЕВ, Батыс Қазақстан облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №183 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31